



Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Қостанай дарыны» өңірлік оқу-әдістемелік орталығы

**Облыстық вебинарлар  
материалдарының  
ақпараттық-әдістемелік жинағы  
(жұмыс тәжірибесінен)**

**Информационно-методический  
сборник материалов  
областных вебинаров  
(из опыта работы)**

Қостанай  
2024

**«Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай дарыны»  
өңірлік оқу-әдістемелік орталығы» КММ  
КГУ «Региональный учебно-методический центр «Қостанай дарыны»  
Управления образования акимата Костанайской области**

**ОБЛЫСТЫҚ ВЕБИНАРЛАР МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ  
АҚПАРАТТЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖИНАҒЫ  
(ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІНЕН)**



**ИНФОРМАЦИОННО-МЕТОДИЧЕСКИЙ СБОРНИК  
МАТЕРИАЛОВ ОБЛАСТНЫХ ВЕБИНАРОВ  
(ИЗ ОПЫТА РАБОТЫ)**

**Қостанай қ.,  
2024 ж.**

УДК 371.212.3

ББК 79.202.4

Р98

**Составители:**

**Рябина Н.М.**, заместитель директора по организационно-массовой работе  
РУМЦ «Қостанай дарыны»

**Данкенов Е.Х.**, методист РУМЦ «Қостанай дарыны»

Н.М.Рябина, Е.Х. Данкенов

Информационно-методический сборник областных вебинаров (из опыта работы) /составители:– Костанай: 2024. 136 с.

ISBN 978-601-359-335-7

В сборнике представлены материалы областных вебинаров, проведенных в 2023-2024 учебном году для педагогов организаций образования Костанайской области, раскрывающих вопросы организации работы с одаренными детьми как в урочное, так и во внеурочное время, предложены различные формы, методы и приемы работы с одаренными детьми. Кроме того, раскрыты вопросы исследовательской и проектной деятельности учащихся, подготовки к олимпиадам различного уровня. Сборник предназначен для педагогов и методистов.

УДК 371.212.3

ББК 79.202.4

Р98

© Составители:

Данкенов Е.Х., 2024

Рябина Н.М., 2024

## МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЕ

<i>Айтмаганбетова Т.Т.</i> Дарынды шәкірт - білікті ұстаздан бастау алады	6
<i>Ауезбаева Г.Ж.</i> Бастауыш сыныптағы дарындылықты анықтау	8
<i>Ашимова Т.О.</i> Дарынды баланы дамытудағы мектеп пен отбасының ынтымақтастығы мен мүмкіндіктері	12
<i>Балтабаева Ж.А.</i> Әр бала – болашақ данышпан	16
<i>Бейсенбаева Э.Г.</i> Балалардың шығармашылығын дамытуда музыканың күдіреті	21
<i>Бекенбай Ж., Галым А.А.</i> Химия, биология пәнін оқытуда цифрлық ресурстарды қолдану мүмкіндіктері	24
<i>Гизатова А.К.</i> Бастауыш сыныпта дарынды оқушылармен жұмыс жасаудың тиімді жолдары	28
<i>Голованова Н.И.</i> Организация педагогической работы и сотворчества талантливого педагога с одаренным учеником	31
<i>Дауренбекова К.Р.</i> Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында дарынды оқушылармен жұмыс жүргізу жүйесі	34
<i>Досмагамбетова А.Т.</i> Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында дарынды балалармен жұмыс	38
<i>Женисхан А.</i> География пәнін оқытуда дарынды балалармен жұмыс жүргізу әдіс-тәсілдері	42
<i>Ивко В.В.</i> Работа с одаренными детьми на уроках НВиТП	44
<i>Ильясова М.Д.</i> Физика сабағында дарынды оқушылармен жұмыс істеу түрлері және технологияларды қолдану	46
<i>Кабдыракова К.К.</i> Дарындылықты дамыту жолдары	49
<i>Казыбаева Л.Т.</i> Работа с родителями одаренных детей по развитию читательской грамотности	54
<i>Касатая И.Л.</i> Единство науки и творчества: Ассамблея научного общества учащихся	57
<i>Кенебаева А.А.</i> Дарынды оқушылардың ерекшеліктері және анықтау тәсілдері	60
<i>Крячкина Т.Н.</i> Развитие творческой одарённости учащихся. Обобщение опыта работы с одаренными детьми на уроках художественного труда и во внеурочное время	63
<i>Куанышкалиева Г.</i> Роль родителей в организации проектной деятельности обучающихся начальных классов	66
<i>Кусаинова З.М.</i> Развитие естественнонаучных способностей детей во взаимодействии с родителями	69
<i>Лысенко Ю.Б.</i> Организация и проведение летней площадки психологической поддержки «Познавай-ка»	72
<i>Макарова Г.В.</i> Организация работы с учащимися, проявившими признаки одарённости	76
<i>Мегеря Л.И.</i> Выявление математической одаренности. Особенности и методы работы с одаренными детьми	79

<b>Нурмагамбетова А.С.</b> Математика сабақтарында сандық ресурстарды пайдалану оқушылардың білім сапасын арттырады	84
<b>Нурова Л.Ш.</b> Управление развитием одаренности	90
<b>Олжабаева Г.У.</b> Математика пәнінен дарынды оқушылармен жұмыс түрлері	92
<b>Парамбуль Е.А.</b> Вариативная образовательная среда как основа развития одаренных обучающихся	95
<b>Подрыга В.Г.</b> Разработка научно-исследовательского проекта	98
<b>Полякова Ю.В.</b> Гармония в обучении: родители как партнеры в развитии детей	101
<b>Помещикова А.Ю.</b> Проблемные и творческие задания для повышения мотивации одаренных учащихся при изучении английского языка	104
<b>Ребеко Е.С.</b> Одаренный ребенок: кто он? Формы и методы работы с одаренными детьми	107
<b>Сәтбаева А.Ғ., Нұрбеков А.Ж.</b> Информатика, математика сабағында цифрлық технологияларды тиімді қолдану	116
<b>Серікбаева Ә.Қ.</b> Қызықты сабақтар, тиімді тәсілдер - оқушылардың әлеуетін арттыратын негізгі фактор	118
<b>Серікова А.М.</b> Қазақ тілі сабағында танымдық белсенділікті дамыту	120
<b>Тажибәева Р.Б.</b> Біртұтас тәрбиенің бағдарламасын жүзеге асыру бағытында (дарынды оқушы – ұлт болашағы)	122
<b>Таранда Н.А.</b> Системное взаимодействие с родителями в развитии одарённости учащихся начальных классов	127
<b>Фарманова С.Н.</b> Методы и приемы подготовки обучающихся к олимпиадам по английскому языку	129
<b>Хабибуллина М.М.</b> Пәндерді оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану - заман талабы	132
<b>Шефер Т.А.</b> Психолого-педагогическое сопровождение одаренных детей в школе	134



## ДАРЫНДЫ ШӘКІРТ - БІЛІКТІ ҰСТАЗДАН БАСТАУ АЛАДЫ

*«Қамысты ауданы білім бөлімінің  
№2 Қамысты жалпы білім беретін мектебі» КММ,  
қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі,  
Айтмағанбетова Т.Т.*

*Маған айтып берсең ұмытып қалармын,  
Көрсетіп берсең есте сақтармың  
Өзіме жасатсаң үйреніп алармын.  
Шығыс нақылы*

Баланың бойындағы табиғат берген ерекше қабілетті, дарындылықты тани білу, оның әрі қарай дамуына бағыт-бағдар беру – әр ұстаздың, әрбір білім жолында қызмет еткен жандар үшін маңызды міндет болып есептеледі. Қазіргі заманға сай оқытудың жаңа технологияларын оқып-үйреніп, күнделікті сабақтарда шығармашылықпен пайдаланып отырса, нәтижесін берері сөзсіз.

Білімнің жолбасшысы да, шәкірттің қолбасшысы да - «Ұстаз». Заманауи, қарқынды өзгеріп жатқан заманда көшбасшылардан жаңа белестерге шәкірттерінің қабілеттерін жандандырып, шабыттандыруға жол ашады. «Ұстазға қарап шәкірт өседі» демекші, менің ізбасарларым менен әрдайым жаңашылдықты күтеді және олардың артқан сенімін ақтау – менің міндетім. Менің мамандығым менен тұрақтылықты, жаңашылдықты, басшылықты талап етеді. Сондықтан менің басты мақсатым - бәсекеге қабілетті жастарға біліп беріп, болашақтарын жарқын етіп, нағыз маман иесі болуына жағдай жасау.

Ол үшін дарынды оқушымен жұмыстың әлеуметтік қажеттілігін сезінуі, нәтижелі әдіс-тәсілдерді талмай ізденуі, жоғары нәтижелерге жетуге ұмтылуы, ата-анасымен тығыз байланыс орнатуы, оқушымен жиі қарым-қатынаста болуы сияқты талаптарды орындайды. Міржақып Дулатов қазақ арасында көбіне көзге түспей, түссе де еленбей жүрген ғылым – білімге, өнерге зерек, дарынды балаларды оқытып тәрбиелеудің мәні жайында сөз ете келіп, дарындылықтың кейбір психологиялық астарына үңіледі.

Ол «Туысында қанша зеректік болса да – ғылымсыз, тәрбиесіз кемеліне жетпейді. Кімде-кім өзінің табиғатында не нәрсеге шеберлік барын сезіп, өз жолына түссе ғана, көзге айнытпай сала білсе, жақсы жазушы да адамның ішкі сырын, мінезін, әдетін бұлжытпай көрсете біледі, оқығанда көріп тұрғандай боласың...», - деп түйіндейді. «Халықты халықпен, адамды адаммен теңестіретін - білім», - деп қазақтың көрнекті қаламгері Мұхтар Әуезов атап көрсеткеніндей, егемен елдің келешегі кемел білім мен ұлағатты тәрбиеге байланысты.

Ахмет Байтұрсынов білім мен тәрбие жұмысының сапалылығы мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне байланысты екенін атап өтті, сондықтан мұғалімді оқу орындарында кәсіби даярлау кезінде мұғалімнің педагогикалық техниканы меңгеруіне, оқушылардың оқу процесін ғылыми негізде жүргізе алуына ерекше назар аудару қажет. Оның барлық педагогикалық қызметі мектептегі оқу процесін жетілдіруге және педагогикалық процесті сауатты ұйымдастыра алатын білікті педагогты даярлауға бағытталған. «Қазақша оқыту туралы» еңбегінде ол мұғалімге қойылатын негізгі талаптарды анықтайды, ол бірінші кезекте жеке әдістемені меңгеруі, балалардың психологиялық ерекшеліктерін және оқу процесінің теориялық негіздерін білуі тиіс. Идея мұғалімдердің әдістемелік және психологиялық-педагогикалық дайындығында жатыр, өйткені «балаларды оқытумен айналысатын адамдар әдістеме мәселелерін жақсы білуі керек. Екіншіден, олар табиғатты жақсы біліп, баланың көңіл-күйін сезінуі керек. Ол үшін балалардың туғаннан бастап физикалық және ақыл-ой дамуы туралы бәрін білу қажет».

Қабілет - іс-әрекеттің белгілі бір түрін ойдағыдай нәтижелі етіп орындауда көрінетін адамның жеке қасиеті. Қазірге дейін ғылым мен тәжірибеде дарындылық туралы екі түрлі көзқарас бар. Біреулері кез келген бала дарынды, тек уақытында нақты қабілетін анықтап, дамыту керек дейді. Ал қарсы көзқарастағылардың айтуынша, дарындылық – өте сирек құбылыс, жалпы адамдардың өте аз тобына ғана тән. Сондықтан дарынды балаларды іздеу алтын түйірін іздегенмен бірдей.

Біз дарынды деп белгілі бір қабілеті көпшіліктің орташа қабілетінен ерекшеленетінін айтып жүрміз. Өмір сүретін орта, берілетін тәрбие осы ерекшеліктің одан әрі дамуына көмектеседі. Қолайлы ахуал, тамаша кәсіби ұстаздық ерекше қабілетті оқушыны дарынға айналдыра алады. Дарындылықты дамытуда оқытудың әртүрлі жаңа технологияларын тиімді пайдалануы керек. Дарынды оқушы тәрбиелеудегі мақсат – әр оқушыны жеке бас ерекшелігін дамыту негізгі бағытын анықтау үшін жағдай туғызу.

Оқу үрдісіндегі дарынды оқушының қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру мақсатында мынадай жұмыстар орын алуда. Шығармашылық жұмыстар; интеллектуалдық ойындар жүргізу; ғылыми жоба жұмыстарын қорғау; дебат, рекорд сабақтарына қатысу. Осындай жүйелі жұмыстардың қорытындысы жеке тұлғаның қалыптасуының бастауы.

Осы орайда, өзім №2 Қамысты жалпы білім беретін мектебінде ұстаздық қызмет атқара жүріп, дарынды оқушыларды ғылыми жобаларға қатыстырып, жүлделі орындарға ие болып жүрген жайым бар. Сонымен қатар мектебімізде «Жас таланттар» театр үйірмесі жұмыс жасайды. Бұл үйірмеде шәкірттерім сахналық қойылымдар қойып, өнерлерін шыңдап келеді. Шәкірттерім облыстық, республикалық сайыстарға қатысып, жүлделі орындарды иеленіп жүр. Бұл менің ұстаздық абзал борышым. Сол шәкірттерімнің ішінен қазіргі таңдағы 9 сынып білім алушысы Касаев Жандосты атап өткім келеді. Бұл оқушы бірнеше байқаулардың жеңімпазы, оқу озаты, облыстық, республикалық жарыстардың жүлдегері, дарынды оқушы. Сонымен қатар «Жас таланттар» театр үйірмесінен де бірнеше таланттар шыңдалып келеді. Болашақта сол

шәкірттерім талай белестерді бағындырып, ұстаз үмітін ақтайды деген сенімдемін.



## **БАСТАУЫШ СЫНЫПТАҒЫ ДАРЫНДЫЛЫҚТЫ АНЫҚТАУ**

*«Алтынсарин ауданы білім бөлімінің  
М. Хәкімжанова атындағы Щербаков  
жалпы білім беретін мектебі» КММ,  
бастауыш сынып және қазақ тілі пәні мұғалімі,  
Ауезбаева Г.Ж.*

Бастауыш мектеп – оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды қайталанбас кезең. Сондықтан бастауыш білім – үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да жауапты жұмыс. Бастауыш мектеп балаға белгілі бір білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу және қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді.

Дамыта оқытудың да басты мақсаты – баланы оқыта отырып, оны шығармашылық бағытта жан – жақты дамыту.

Біздің басты мақсатымыз – білім сапасы. Білімнің сапалы болуы тікелей мұғалімге, оның білім дәрежесі мен іздену шеберлігіне байланысты. Мұғалім – тікелей оқыту мен тәрбиелеу үрдісіне жаңалықты енгізуші, оқушымен бірлесе жұмыс істейтін белсенді әрекет иесі.

Мектептегі оқу жұмысының сапасы мұғалімнің оқушылардың оқу әрекетін дұрыс ұйымдастыра білуіне, оның тиімділігін мейлінше жетілдіре білуіне байланысты болады. Оқушылар әрекетінің ең басты және жетекші түрі – оқу.

Оқушының жұмысты шығармашылықпен ойлауы, қабілетінің дамуы, білуі мен танымдық белсенділігін арттыру – қазіргі кезде барлық мұғалімдер қауымын толғандырып жүрген мәселелердің бірі. Бұл сабаққа оқыту жүйесіне жоғары талап қоюды қажет етеді.

Мұғалім оқушыларға терең білім беру мен қатар дарындылығы мен шығармашылығын дамыту жолында мына қағидаларды есте сақтаған жөн:

- мұғалім пәнді өзі жетік терең біліп, оны балаларға жай, қарапайым тілмен, өмірмен байланыстыра отырып беруі қажет;
- мұғалім оқушылардың жеке басының психологиясын (жан дүниесін) жете біліп, әр оқушының жүрегіне жол таба білуі қажет;



- мұғалім әр оқушыға, бүкіл сыныпқа талап қоя білуі керек;
- балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру үшін жаңа сабақты тірек конспектілері мен жеке тірек белгілері бойынша беру;
- сабақта балалардың пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін әртүрлі көрнекі құралдарды пайдаланып отыру;
- әрбір сабақ өз дәрежесінде өтуі қажет;

Оқушылардың шығармашылық қабілеті практикалық әрекеттері, ізденімпаздығы арқылы дамиды.

Шығармашылық дегеніміз – адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу, адамның рухани күшін нығайтып, өзін-өзі тануына көмектеседі.

Оқушының өз болмысын тануға көмектесіп, қабілетін ояту, жаңа рухани күш беру білімнің ең маңызды мақсаты болып табылады.

Бастауыш сынып оқушысының зейіні тұрақсыз, импульсивті қабылдау мүмкіндіктері де әр түрлі болады.

Баланың шығармашылық қабілетін ашу, оны алға қарай дамыту үшін ең бастысы жағдайлар жасау қажет.

Дегенмен де әр баланың бір нәрсеге бейімі болады. Бейімділік – оянып келе жатқан қабілеттің алғашқы белгісі.

Оқушылардың дарындылығының дамуы, қабілетінің ашылуы көбінесе мұғалімнің кәсіби біліктілігіне және оның тұлғалық қасиетіне байланысты екені айдан анық.

Көбінесе «дарынды оқушы – бұл жақсы оқитын оқушы» деген пікір қалыптасқан. Белгілі ағылшын психологі П.Торранстың зерттеулері бұл пікірдің мұғалімдер арасында жиі кездесетінін анықтады. Оларға оқуда қиыншылық туғызбайтын, тәртіпті, ұйымшыл, білімді, тұрақты, ұғымтал, өз ойын нақты және түсінікті жеткізе алатын оқушылар көбірек ұнайды. Ал қиынсыз сұрақ қоятын, өз жұмысымен ғана айналысатын, тәуелсіз, көбіне түсініспеушілік туғызатын, қияли, әр нәрсеге көзқарасы бөлек оқушылар ұнамайды. П.Торранстың зерттеулері нақ осы оқушының шығармашылық дарындылығын көрсететін және оның нашар оқитын оқушылардың арасында да аз емес екендігін айқындаған.

#### **Дарынды оқушылардың бірден көзге түсетін ерекшеліктері:**

- Өте белсенді;
- Танып – білуге деген құштарлығы жоғары;
- Есте сақтау қабілеті жоғары;
- Сөздік қоры мол;
- Сұрақ қоя біледі;
- Қиындықтарды жеңе біледі;
- Шыншыл, турашыл;
- Өздігінен іздене алады;
- Эссе, әңгіме, мақала жаза алады;

- Танымы кең, білімі терең;
- Суретке қарап өз бетінше әңгіме құрай алады;
- Оқулықтағы материалдарды сұрыптай алады;

**Бала бойындағы дарындылықты қандай жұмыстар арқылы шығаруға болады?** Сондай-ақ дарынды оқушылармен нәтижелі жұмыс жасайтын мұғалімнің кәсіби «бейнесі» мынадай қасиеттерден тұрады: жоғары кәсіби біліктілік, даралық қаситі, білімпаздық ойлап табуға және ғылыми зерттеу жұмысына қабілеттілік, кәсіби қызметін өздігінен жетілдіруге ұмтылушылық. Дарынды оқушымен жұмыс мұғалімнің өзіне, қызметіне және кәсіби біліктілігіне жаңа, жоғары талаптар қояды. Тіпті оның кәсіби жетілуіне өзгеше емтихан болып табылады.

Ұлы ойшыл Плутарх кезінде былай депті: «...Көптеген табиғи талант дарынсыз ұстаздардың кесірінен жойылып кетеді. Олар дарынның табиғи құбылысына терең бойлай алмай, тұлпарды есекке айналдырып құртып тынады». Міне, ұстаз осындай келеңсіздікке жол бермеуі керек.

Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылығын арттыра түсу үшін, шығармашылық қабілеттерін сабақта және сабақтан тыс уақытта дамытуға әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады.

Мен өзімнің әрбір сабағымда басты назарға алатыным шәкірттеріме бағдарламадан тыс қосымша материалдар беріп отырамын.

1. Дәлірек айтсам, бірінші сыныптың алғашқы күнінен бастап, тілді жаттықтыру үшін, өлең-тақпақты ата-аналардың көмегімен жаттауды жолға қойдым.

2. Суреттер бойынша сұрақ-жауап арқылы әңгімелесу, өз отбасы туралы әңгіме айту. Мектеп, сынып, жыл мезгілдерне әңгіме құрау, оған сурет салу сияқты жұмыстан соң, осы тақырыпқа арналған дайын мәтіндерді оқып беріп, суретін көрсетіп, соған байланысты ақындардың өлең шумақтарын оқып беріп отырамын. Бұл баланың сезімін оятып, сурет салуға, мәнерлеп өлең оқуға жетелейді.

3. Баланың жинақы, дұрыс сөйлеп, өз ойын аз сөзбен анық айтып түсіндіруге дағдыландыру, сөздік қорын молайту. Ол үшін мұғалімге көп ізденіс керек. Әр оқушының сөздік қорын, сөйлеу деңгейін, ойлау қабілетін зерттеуді қажет етеді.

Баланың ата-анасы, отбасының тыныс-тіршілігінен де хабардар болуы артық емес. Сондықтан да менің сыныбымның есігі әр кез ата-аналар үшін ашық. Қай сабаққа қатысып, баласының білімін байқаймын десе де ерікті. Бұл ата-анаға баласының білім деңгейін басқа оқушымен салыстыруына үлкен көмек береді. Әрине, бұл маған да үлкен көмек. Әрі қарай ата-ана баласының үй тапсырмасын орындауына, сабаққа қатысуына, басқадан кем қалмауына ат салысады.

Қазақ тілі сабағыма тоқталар болсам, сөзбен жүргізілетін жұмыс, сөздерді байланыстырып сөйлеуге, әңгіме айтуға, шығарма жазуға көмектеседі. Сөздік жұмысы оқушыны бір жағынан ойлануға жетелесе, екінші жағынан

қызығушылығын оятып шығармашылық қабілетін арттыруға, белсенділікке ынталандырады.

Берілген сөздердің ішінен солдан оңға қарай оқығанда жаңа сөздер шығатын сөздерді жаз.

Қыран, қала, дархан, бұлақ,

Мұз, сүт, қысым, есек,

Берілген сөздерге (зат есімге) бір әріп қосып мағынасы өзгерген сөз жаз.

Қала + (қ) таба + (н)

Ат + (а) ел + (у)

Тағы да мысалдар келтіре кетейін.

### 1. Әріптерден сөз құрау

ал

Б а с

ақ

ау

### 2. Екі буынан сөз құрау

ла

Ба қа


Та

### 3. Бір сөзден бірнеше сөз құрау

Б а л д ы р ғ а н

Бал. Бала. Балдыр т.б.

### 4. Сурет бойынша сөйлем құрау



*Қызыл алма тәтті. Анам сырға сатып әперді. Роза билеп тұр.*

Қысқасы бастауыш сынып мұғалімі – баланың екінші анасы. Шәкіртіңді анасындай аймалап бірақ орынды талап қойып, жүрек жылуын бәріне бірдей шаша білудің қорытындысы – бағбанның жақсы ағаштан жинаған жемісі іспеттес.

Қорыта келгенде, О.Бальзактың «ұдайы еңбек ету – өнердің де, өмірдің де заңы» дегендей, оқушылардың шығармашылық қабілеті мен белсенділігін арттыруда мұғалімге үнемі ізденуге, тұрақты еңбек етуді міндеттейді. Өйткені, ХХІ ғасыр – білімділер ғасыры. Ендеше бізге ой өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан – жақты парасатты ұрпақ керек екен бір сәт те естен шығармағанымыз жөн.



## ДАРЫНДЫ БАЛАНЫ ДАМУДАҒЫ МЕКТЕП ПЕН ОТБАСЫНЫҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ

*«Алтынсарин ауданы білім бөлімінің  
М. Хәкімжанова атындағы Щербаков  
жалпы білім береті мектебі» КММ, әлеуметтік ұстаз,  
Ашимова Т. О.*

Абай атамыз «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі - «ішсем, жесем, ұйықтасам» деп тұрады, екіншісі – «көрсем, білсем, үйренсем» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап тыныштық көрмейді», - дейді өзінің жетінші қара сөзінде. Біздің қарастырып отырғанымыз да дәл осы көрсем, білсем, үйренсем деп жүрген дарынды балаларымыз.

Өкінішке орай бала дарындылығының байқалмайтын жағдайлары да кездеседі. Тіптен баланың есейген шағында сирек кездесетін қабілеттері көрініс тауып жатады. Осы бағытта бала бойындағы белгілі бір қабілеттердің жарқын көрінісі ой-өріс деңгейінің жалпы дамуымен ғылымның, өнердің арнайы бір саласына бейімделуімен сипатталады. Дарынды бала-оқушы бойында әсіресе дүниетанымдық көзқарасы қалыптасып үлгермейді. Сондықтан оқушының дарындылық қасиеті барынша орнықсыз қасиет. Оның басқа түрге енуі немесе сөніп қалуы көзқарастың өзгеруіне байланысты кезкелген сәтте орын алуы мүмкін. Белгілі ағылшын психологы Элис Пол Торренстің зерттеулері бұл пікірдің мұғалімдер арасында да жиі кездесетінін анықтады.

Мұғалімдерге оқуда қиыншылық туғызбайтын тәртіпті, ұйымшыл, білімді, тұрақты, ұғымтал, өз ойын нақты және түсінікті жеткізе алатын оқушылар көбірек ұнайды. Ал қисынсыз сұрақтар қоятын өз жұмысымен ғана айналысатын, тәуелсіз, көбіне түсініспеушілік туғызатын, қияли, әр нәрсеге көзқарасы бөлек оқушылар ұнамайды. Алайда, зерттеу нәтижесінде оқушының жеке дарындылығы және ондай оқушының нашар оқитын оқушылар арасында да кездесетіні айқындалған. Сондықтан мұғалімдер осы зерттеудің нәтижесін есте ұстағандары жөн.

**Дарынды оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты** — олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Ал мақсатқа жету – оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады. Баланың дарындылығын анықтап, олармен жұмыс жасау қалай жүзеге асырылуы керек? Ол үшін:

- Дарынды оқушыны таңдаған кезде оқушының жеке құжаттарын, мінездемесін сынып журналын зерттеу;
- Оқушының сабақтағы, сабақтан тыс кездегі іс-әрекетіне бақылау жасап, талдау жүргізу;
- Әр түрлі әдістерді пайдаланып оқушы білімін тексеретін жұмыстарды ұйымдастырып, баланың білім деңгейін анықтау керек;
- Ата-аналармен ынтымақтастықта болу.

Кез-келген мұғалім осындай жұмыстарды жүйелі жасап және жан-жақты талдау жұмыстарын жүргізе алса ғана, оқушылардың дарындылығын, қабілет мүмкіндіктерін айқындай алады. Дарындылықты, оқушының креативті белсенділігін айқындау процесі көпжақты. Дарындылық – табиғи және тәрбиелеу барысындағы дарындылық болуы мүмкін, сондықтан да оның қалай пайда болғанына қарамастан диагностикасы болу керек. Осы тұрғыда мектептің психологы мен әлеуметтік ұстаздың да үлесі бар, олар ұстаздарға көмек көрсетуі қажет. Сол себепті, бүгінгі күні мектеп психологтары мен ұстаздардың міндеті – алдымен баланы жеке тұлға ретінде толық танып-білуі одан кейін оны дамытуы қажет.

Оқушыларды шығармашылыққа баулу үшін ең алдымен – баланы психологиялық дайындықтан өткізу. Психологиялық дайындық, яғни педагогтың психологиялық әсері шығармашылық кезеңде баланың шабытын оятып, құлшындырып, еліктіріп отырады. Шығармашылық шеберлік үшін ұстаздың психологиялық әсері мынандай болмақ: «Сенің қолыңнан келеді», «Сен қабілеттісің», «Жаз», «үйрен» деп баланың еркін билеп, сенім білдіру.

Дарынды оқушыны диагностикалауды мына бағытта жүргізуге болады:

- Оқушының креативті ойлауына;
- Оқушының өзін-өзі бағалау деңгейіне;
- Оқушының толеранттылығына;
- Оқушының интуициясына;
- Ол лидер ме?
- Өзін оқымысты деп бағалай ма?
- Оқушының қызығушылығы;
- Оқушының көңілінен шығатын іс-әрекеті.

Жаңашыл педагогтер оқушының жеке тұлғалық абыройын барынша құрметтеуге, оның шығармашылық қабілеттері мен бейімділіктерін, өздігінен ойлау қабілетін дамытуға, жағымды эмоциональдық педагогикалық үрдісті қалыптастырып, одан педагогикалық зорлықтың барлық түрін аластатуға бағытталған ізгіліктік стратегиясымен сипатталады.

Оқушының өз бетімен жұмыс істеу дағдысы-жүйелі жұмыстардың қорытындысы, жеке тұлғаның қалыптасуының бастауы. Ал, оқушының шығармашылық қабілеттерін арттыра отырып, оқу материалдарын өздері игере алуға мүмкіндік туғызатын шешуші фактор – оқытудың жаңа әдістемелік жүйелерін құру болып табылады.

Мектепте дарынды оқушылармен жұмыс нәтижелі болу үшін балалардың ата-аналарымен де бірқатар жұмыстар жүргізілуі керек.

Мектеп пен отбасы ынтымақтастығы дарындылықты дамытудағы шешуші роль атқарады. Баланың жеке тұлғасының дара қасиеттерін қалыптастыруда отбасы үлкен мүмкіндіктерге ие. Олар күнделікті отбасылық өмірде, отбасының дәстүрлері мен адамгершілік ұстанымдары, шежіресі мен тарихы, отбасы мүшелерінің ортақ қызығуы мен мақсат – мүдделері арқылы іске асады. Бұл мүмкіндіктерді мектептің мүмкіндіктерімен үйлестіру – табысты тәрбие мен оқудағы жетістіктің тағы бір негізі.

Ата-аналармен жұмыстың 4 бағыты:

1. Дарынды бала отбасына психологиялық қолдау;
2. Ата-аналарға ақпараттық орта құру;
3. Дарынды бала және оның ата-анасымен бірлескен тәжірибелік іс-әрекет;
4. Ата-ананы қолдау және марапаттау.

Осы бағыттарды жүзеге асыру үшін, ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлері:

- Ата-аналарға ашық есік күндерін ұйымдастыру;
  - Мектеп психологы тарапынан ата-аналарға кеңес беру;
  - Ата-аналарға жадынамалар;
  - Ата-аналарға сауалнама (дарынды баланы зерттеу мақсатында);
  - Жеке кездесулер; отбасылық, спорттық сайыстарына қатыстыру;
- конференциялар ұйымдастыру;
- Пікірлесу; дөңгелек стол;
  - Ата-аналар жиналысында баласының жетістіктері үшін алғыс білдіру т.с.

Дарынды баланы анықтап дамытуда ата-аналармен жүргізілетін, сауалнама мен ата-аналарға берілетін кеңес, жадынамалар үлгісімен бөлісіп отырмын. Қажеттеріңізге жарасын.

### Ата-аналарға арналған сауалнама

*Мектептің оқу бағдарламасы сіздің балаңызға экспериментке қатысуды ұсынады. Осы орайда балаңыз туралы ақпаратпен қамтамасыз етуде сіздің көмегіңіздің маңызы зор. Сауалнама толтыру үшін бірнеше минут уақытыңызды бөлуді сұраймыз. Балаңыз туралы ғана жақсы білетін мағлұматты белгілеп, көрсетілген уақытта мектепке әкеліңіз.*

1. Менің баламның сөздік қоры мол және өз ойын жақсы жеткізеді. Егер ия деп жауап берсеңіз, мысал келтіріңіз. Ия \_\_\_\_\_ жоқ \_\_\_\_\_
2. Менің балам тапсырманы орындағанда бар күшін жұмсайды, табанды және тапсырманы өз бетімен орындайды. Мысал келтіруді өтінеміз.
3. Менің балам кітап оқуды балабақшадан бастады. Ия \_\_\_\_\_ жоқ \_\_\_\_\_
4. Егер ия деп жауап берсеңіз, оқыған кітаптарын атаңыз.
5. Балам кітап оқуды қатты жақсы көреді. Ия \_\_\_\_\_ жоқ \_\_\_\_\_
6. Балаңыздың соңғы 6 айда оқыған кітаптарын атаңыз.

7. Сіздің балаңыз қай жағынан талантты немесе ерекше қабілетті деп ойлайсыз?

8. Сіздің балаңыздың аса қызығушылық танытатын заттарын немесе хоббиін атаңыз?

9. Балаңыз мектептен тыс уақытта қандай арнайы қосымша сабақтарға барады?

10. Сіздің балаңыздың мектепке қарым-қатынасы қалай?

11. Мектеп пен үйдегі жағдайлар балаңыздың мектепке баруына кедергі жасайды ма?

12. Балаңыз бос уақытында немен айналысады?

13. Сіз өз балаңызды аса дарынды деп атар ма едіңіз. Ия \_\_\_\_\_ жоқ \_\_\_\_\_

а) бір нәрсені қиялмен орындайды, күрделі сөздермен ым жасай отырып түсіндіреді;

ә) қарапайым мағлұматтарды күтпеген кейіпте пайдаланады;

б) бір нәрсені орындағанда қарапайым жолдарды пайдаланбай, жаңа жолды таңдайды;

в) «ойларды ойнағанды» ұнатып, орынсыз жаңа жағдаятты туғызады.

Баланың аты \_\_\_\_\_

Жасы \_\_\_\_\_

Сыныбы \_\_\_\_\_

Мекен-жайы \_\_\_\_\_ телефон \_\_\_\_\_

#### **Ата-аналарға психологиялық кеңес.**

1. Балаларыңызды жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз жақсы көретіндігіңізді сездіртіңіз.

2. Қателескені үшін баланы кекетіп, бетінен алмаңыз, басқа балалармен оны салыстырмаңыз.

3. Баланың сұрақтарына жауап берген кезде шын және шыдамдылықпен жауап беріңіз.

4. Күнде балаңызбен жеке сөйлесуге уақыт бөліңіз.

5. Жас мөлшері әртүрлі адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйретіңіз.

6. Баланың әрбір жетістігі үшін мақтап отырыңыз.

7. Балаға баға бермеңіз, оның іс-әрекетін бағалаңыз.

8. Табысқа күшпен жетуге болмайды, сондықтан балаңызға күш көрсетіп, тапсырманы орында деп талап етпеңіз.

9. Баланың қателік жіберуге құқығы бар екенін айтыңыз.

10. Үлкендер балаға қалай қараса, бала да өзіне солай қарайды.

11. Жалпы, өзіңізді баланың орнына қойып отырыңыз.

#### **Ата-аналарға кеңес**

1. Баланың берген жауабына шын және шыдамдылықпен жауап беріңіз.

2. Балаңыздың жеке бөлмесі не бір бұрышы болуына жағдай жасаңыз.

3. Балаңыздың шашылып жатқан үстеліне ұрыспаңыз, егер ол шығармашылық іс-әрекетпен айналысып отырса.

4. Шешім қабылдауда өзіндік жеке жоспар құруына көмек көрсету.
  5. Балаңыздың кемістіктерін бетіне басып, басқа балалармен оны салыстырмаңыз.
  6. Күнде балаңызбен жеке сөйлесуге уақыт бөліңіз.
  7. Отбасымен шешетін мәселелерге балаңызды қатыстырып, оның жеке басының ой-пікірімен санасыңыз.
  8. Қателескені үшін баланы кекетіп, бетінен алмаңыз.
  9. Баланың әрбір жетістігі үшін мақтап отырыңыз.
  10. Жас мөлшері әртүрлі адамдармен дұрыс қарым - қатынас жасауға үйретіңіз.
  11. Қиын нәрселерді тауып және оны өз бетімен, жауапкершілікпен шешуге балаңызға көмек көрсетіңіз.
  12. Балаңызды жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретіндігіңізді сездіртіңіз.
  13. Балаңызбен бірге әңгімелер, ертегілер, фантастикалық оқиғалар құрастырып, баланың шығармашылық қабілетінің дамуына жағдай жасаңыз.
  14. Балаңыздың сүйікті ісіне керек кітап, ойын, т.б. құралдармен қамтамасыз етіңіз.
  15. Балаңыздың алған негізгі ісінің ойдағыдай орындалуына сеніміңіз болмаса да, сол істі өзі аяқтауына жағдай жасаңыз.
  16. Бала өз жұмысын көрсете алатын стенд жасап қойыңыз.
  17. Істеген жұмысының нәтижелі болуына көмектесіңіз.
  18. Баланың қойған талабына ерекше көңілмен қараңыз.
  19. Балаңыздың өткір ойлығына сеніп, әрдайым сенім артыңыз.
- Ата-аналар ұйымының рөлін көтеру кез-келген мектеп үшін оңай іс емес. Бастамашылық мектеп жағынан басымырақ болу керек. Өйткені, мектеп-қоғамның, отбасының және өзінің өзара тәрбиелік іс-қимылын үйлестіруші қоғамдық институт. Мектеп ата-аналар қауымы үшін әрқашан ашық болып, өзара ынтымақтастық пен өзара іс-әрекеттің біртұтас жүйесінде бірін-бірі толықтырып отыру өте маңызды.



## ӘР БАЛА – БОЛАШАҚ ДАНЫШПАН

*«Науырзым ауданы білім бөлімінің  
Жамбыл жалпы білім беретін мектебі» КММ,  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,  
Балтабаева Ж.А.*

*Балаға өз бетімен зерттеуге*



*мүмкіндік туғызған сайын  
одан әрі жақсы оқи түседі.  
Клайн П.*

Қазақстан Республикасының білім және ғылым, тәрбие беру жүйесінің алдында тұрған жауапты міндеттердің бірі мемлекет үшін Қазақстанның гүлденуіне, егеменді еліміздің өркендеуіне өз үлесін қосар білімді, мәдениетті, шығармашылықпен жұмыс істейтін дарынды жастарды тәрбиелеуді қажет етеді.

«Дарындылық» ұғымы «сый» («дар») деген өзден шыққан, дамудың қолайлы ішкі алғышарттарын білдіреді, бұл ұғымға педагогикалық энциклопедияда төмендегіше анықтама берілген: «Дарындылық – белгілі бір іс-әрекет саласында ерекше жетістікке жеткізетін адам қабілеті дамуының жоғары деңгейі». Дарынды оқушымен жұмыс жүргізудің негізгі мақсаты – олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында мемлекеттік саясат негізінде ең алғаш рет «Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы жеке адамның дарындылығын дамыту» сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отырғаны белгілі. Өйткені, ғылыми техниканы, өндірісті қазіргідей әлемдік деңгейде дамыту үшін елімізге шығармашылықпен жұмыс жасайтын білімді, жоғары дайындығы бар білікті мамандар ауадай қажет. Ал ондай мамандар бүгінгі жас ұрпақтан, мектеп оқушыларынан шығатындығы дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Себебі, әлемдегі серпінді алға жылжу, ғаламдық бәсекелестік күрделі технологияларды меңгеруге ұмтылу керектігін алға тартып отырғандықтан білім беру мазмұны мен сапасын арттыруға, тұлғаның қалыптасуына ерекше көңіл бөлінеді.

Мемлекетіміз болашақта қазақ елінің көсегесін көгертіп, ғылымын көркейтер деген үмітпен жас дарындарға үлкен назар аударуда. Оқушылардың ғылыми қоғамдарының жұмысы да осы мақсатты іске асыруға бағытталған. Оның мүшелері – ғылыми зерттеуге ынталы, дарынды жастар, ал ғылыми жетекшілері – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары оқу орындарының ғалымдары. Олардың жұмысын Ұлттық ғылым академиясы басқарады.

Адамның дарындылығы оның жоғары жүйке саласының туа біткен қасиетімен тығыз байланысты. Адамға белгілі бір қызметті ойдағыдай атқару мүмкіншілігін қамтамасыз ететін қабілеттердің ерекше қиысу қызметінің сол саласын да «талант» деп атайды. Сонымен, талантты адам дегеніміз-жоғары білікті шығармашылықпен айналысатын адам. Дарынды балаларды іздеу, оларды оқыту мен тәрбиелеу қоғам үшін аса қажет, себебі дарынды адам басқаларға қарағанда көп пайда әкеледі. Әрбір дарынды адам еңбекке бейім, ол шығармашылық тапқырлықпен жігерлі еңбек етеді. Сонымен дарынды, талантты бала деп баланың, ата-ананың, мектептің үздіксіз еңбегінің жемісін айтуға болады.

Белгілі психолог Н.С.Лейтес дарынды баланың негізгі қасиеттері деп мыналарды көрсетеді:



Осы қағидаларды басшылыққа ала отырып кез келген баланың бойындағы қабілетті үздіксіз, ерінбей, жалықпай үлкен ізденіспен жұмыс жасауының нәтижесінде ашып, дамытуға болады, сондықтан мен де мектептегі ғылыми жұмыстарды жолға қойып, оқушылар қабілетін ашуда пән мұғалімі ретінде тынбай мына бағыттарда жұмыс жасап келемін:

- Жан-жақты зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы оқушылардың икемділігін, қабілеттілігін айқындау және оларды топтарға біріктіру;
- Оқу үрдісінің барлық сатыларында әртүрлі топтардағы оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің және дамытудың әдістемелік тәсілдерін жасау;
- Әр алуан мақсатта жеке дидактикалық материалдардың жүйесін құру.

Мен сыныптағы дарынды балалармен жұмыстарды өрістету үшін мына төмендегідей ретпен жүйелі жұмыс атқарудамын.


Сынып бойынша шығармашылықпен айналысатын оқушылардың:

- ғылыми жоба жұмыстарына кеңес беру;
- шығармашылықпен айналысатын оқушыларды, дарынды балаларды анықтау, іріктеу, олардың дарындылық қабілетін ояту;
- шығармашылықпен айналысатын оқушыларды, дарынды балалармен жұмысты жүйелі жүргізу және олармен жұмысты жандандыру;
- шығармашылықпен айналысатын қабілетті оқушыларды ғылымға қызығушылығын арттыру;
- ғылыми қоғамдармен тығыз байланыс орнату;
- сыныптағы шығармашылықпен айналысатын балаларға көмек көрсету.

Кез келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғары болуы, дүниежүзілік қауымдастықтағы орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен және ғылыми потенциалымен анықталады. Экономикалық күшті дамыған, алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесі білім берумен бірге, ғылым, мәдениет, ұлттық тәрбиені дамыту керектігін әлдеқашан

мойындаған болатын. Сондықтан да қазіргі уақытта дарынды оқушылардың ғылыми жұмыспен айналысуына мемлекетіміздің жан-жақты жағдай жасап жатқандығы қуантады.

Қазіргі заманғы ғылым-еңбек іс-әрекетін адамның ойлауы мен психикалық және дене күштерінің ынталануын талап ететін бір түрі болып табылады. Ғылым іс-әрекеттің бір қиын да күрделі, көп ақпараттық білімді, білік, дағдыны талап ететін бір саласы болып табылады. Қазіргі зерттеуші-ғалымның алдында кез келген ғылыми мәселені шешетін дұрыс бапты анықтау міндеті тұр. Мұндай бапты беталды іздеу көп уақыт пен күшті талап етеді, мұның өзі көбінесе дұрыс шешімге әкелмейді. Сонымен қатар, қазіргі уақытта сұрақты дұрыс қоя білу, оған жауапты анықтау қажеттілігімен ғана шектелмей, ғылыми еңбектің жемісін пайдалану, нәтижелерін көре білу керек. Ғылыми жұмыстың нәтижелілігі көп жағдайда таңдалған әдіснамаға байланысты.



Бұлардың арасында айқын шекара жоқ, себебі олар бір-бірін алмастырып, толықтырып жатады.

Философия әдіснама ретінде зерттеушіні табиғат, қоғам, сана дамуының жалпы заңдарын білуімен, әлемнің біртұтастығын қамтуымен, зерделенген мәселені басқалардың ішінен орны мен байланысын анықтаумен қаруландырады.


Ғылыми әдіснаманың ең басты бөлігі-салада жаңалық ашу. Ғылыми әдіснаманың бірінші және ең нағыз талаптарының бірі-кәсіби білім деңгейін үнемі және жоспарлы түрде арттыру. Бұл мақсатқа жету үшін, мектеп қабырғасынан бастап ғылыми пәндерден өз біліктілігін көтеріп, жан-жақты білімді тұлға болуға ұмтылу.

Нақты ғылымдылық философия әдіснамасының басты маңызды бөлігі болып саналады.


Ғылыми жұмыстың тиімділігі көп жағдайда адам ой-өрісінің кеңдігіне, білімділігіне, жалпы ақпараттық мәдениетіне байланысты.

Мектепте оқушылардың ғылыми қоғамын қалай құру керек?

Кейінгі кезде мектептерде сыныптан тыс үйірмелер мен секциялардан өсіп шыққан оқушылардың ғылыми қоғамдары жақсы дамып келеді. Сондықтан, біз де өз мектебімізде «Жас ғалым» атты оқушылардың ғылыми қоғамын құрған болатынбыз. Ондағы мақсатымыз мынадай:



Жоғарыда аталған мақсатты жүзеге асыра отырып біз мынадай нәтиже күтеміз.



Осы аталған нәтижеге қол жеткізу үшін біз біршама жұмыстар атқардық. Оқушыларды ғылыми жобаға дайындау, оларды баулу мақсатында ең алдымен, мектептегі шығармашылықпен айналысатын мұғалімдердің басын қосып, шығармашыл топ құрып, оның ережесін, жұмыс жоспарын жасап, бекіттірдік. Сол шығармашыл топ мұғалімдерінің жүйелі жұмыс жүргізуінің нәтижесінде қабілетті оқушылар іріктеліп алынды. Іріктелінген оқушылардан «Жас ғалым» оқушылардың ғылыми қоғамы құрылып, жетекшісі тағайындалды, іс-жоспары жасалынып, бекітілді. «Жас ғалым» оқушылардың ғылыми қоғамының сүбелі еңбектерінің нәтижесінде біраз жұмыстар атқарылып, оқушылардың ғылыми жобалары түрлі сайыстарда жоғары нәтижеге қол жеткізді.

Оқушылардың ғылыми қоғамы қабілетті жастардың ғылымға деген қызығушылықтарын дамытып, ғылыми-зерттеулермен шұғылдануды үйретіп, шығармашылық машықтарын қалыптастырады. Ғылыми қоғам мүшелерінің зерттеу-іздену жұмыстарына деген жауапкершілігін, ынтасын арттыру мақсатында әрбір ғылыми қоғам мүшелері мектепішілік мақтау қағаздарымен марапатталып отырылады.

Оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде оқушы шығармашылығын дамытудың қажеттілігі қоғам талабынан туындайды. Қоғам қашан да қабілетті адамға мұқтаж болып келген. Осыған орай, ХХІ ғасыр мектептерінде жаңа талап, жаңа заманға сай оқушыларды ғылым мен техниканың немесе өнердің бір саласын тереңдетіп оқыту арқылы танымдық белсенділіктері мен шығармашылық қабілеттерін дамыту – ең өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Қандай дарынды бала болмасын, оның барлығы өз бетінше жұмыс жазуға, зерттеу, ізденіске бара алмайды. Ол үшін мұғалімнің көмегі, ақыл-кеңесі қажет. Жазылым жұмысының сәтті шығуы ең әуелі, сөздік қорға тікелей байланысты. Ал сөздік қор оқылым арқылы келеді. Дарынды оқушыларға жазылым дағдысын үйретуде оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдердің ықпалы мол. Мәселен, «Суретті сөйлету» әдісі оқушылардың сыни тұрғыдан ойландырып қана қоймай, олардың шығармашылықпен айналысуларына мүмкіндік береді. Сондай-ақ, өз тәжірибемде «Кейіпкерге хат жазу», «РАФТ» стратегиясы, «Түйін сөз», «Талдау картасы» секілді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың жазылым дағдылары қалыптасқандығына көз жеткіздім.

Орфографиялық дағды қалыптастыруда жазбаша жаттығу, диктант, мазмұндама, шығарма жұмыстарын ұтымды ұйымдастыру да жақсы нәтиже береді. Әсіресе, эссе жұмыстарының маңызы зор. Ол оқушының өз көзқарасын

дәлелдеп айта білуге, сондай-ақ, өз көзқарасын нақтылауға көмектеседі. Ал, оқушыларды эссе жазуға қалай үйретеміз? Эссе жазуға үйрету үшін оқушыларға ең әуелі эссе құрылымын үйретіп, соған орай жазуды тапсырамын. Эссе құрылымын сақтауды үйренген оқушы эссені талапқа сай жаза біледі. Эссенің барлық бөлімдерін сақтай отырып жазылған эссе жүйелі шығады.

### **Эссе құрылымы**

#### **Кіріспе**

- Кілт сөзге анықтама - 10 % сөз
- Тақырыпты сұрақ етіп қайта қою – 10 % сөз

#### **Негізгі бөлім**

- Аргумент, факті келтіру – 35 % сөз
- Контраргумент келтіру – 35 %

#### **Қорытынды бөлім**

- Ұсыныс, пікір айту – 10 % сөз

Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін жаздыру үшін оқушылар негізгі ойды түйіндей алуды меңгереді. Мәтіндегі негізгі ойды қысқаша оймен жеткізуді меңгерген оқушылар грамматикалық дағдыларды терең меңгере алады.

Дарынды балалардың бойында жазылым дағдысын дамытуда оқытудағы инновациялық әдіс-тәсілдердің пайдасы көп. Әсіресе, сын тұрғысына ойлау технологиясының элементтері шығармашылықпен жұмыс жасау дағдыларын, яғни жазылым дағдысын дамытуға бағытталған. Мәселен, «Бес жолды өлең» стратегиясы оқушылардың жазылым дағдысын дамытады. Сондай-ақ әрбір сабақта АКТ-ны пайдалану оқушыларды пәнге қызықтырып қана қоймай жазылым дағдыларын дамытуға да ықпал етеді.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, ұлы ағартушы А.Байтұрсыновтың «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана шәкірт жанына нұр құя алады», - деген сөзі әрбір ұстаздың жадынан шықпауы тиіс. Сонда ғана дарынды оқушыларды әрі қарай дамытып, алған білімдерін болашақ өмірлерінде пайдалана алатын функционалдық сауаттылығы жоғары шәкірт тәрбиелей аламыз.



## **БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМЫТУДА МУЗЫКАНЫҢ ҚҰДІРЕТІ**

*«Қамысты ауданы білім бөлімінің  
№2 Қамысты жалпы білім беретін мектебі» КММ,  
музыка пәнінің мұғалімі,*

*Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар,  
Үннің тәтті оралған мәні оятар  
Құнанбайұлы А.*

Қазақстан Республикасының этникалық-мәдени білім тұжырымдамасында (1996): "Тәрбиенің түп мақсаты – қоғамның нарықтық қарым-қатынасқа көшуі кезінде саяси экономикалық және рухани дағдарыстарды жеңіп шыға алатын, өмірге икемделген, білікті, жан-жақты мәдениетті жеке тұлғаны тәрбиелеу", - деп өнер мен мәдениетті дамытуға ерекше мән берілген.

Музыкадағы оқыту мен тәрбиелеу үрдісіндегі басты мақсат – әрбір жас адамды қоғамның тірегі, рухани бай, мәдениетті, эстетикалық талғамы зор, өз Отанының елжанды азаматы етіп тәрбиелеу болып табылады.

а) музыканы тыңдау және ән салу, күй, жыр сияқты музыкалық шығармалардан үзінділер орындау (кез-келген музыкалық аспапта);

ә) музыкалық шығармалардың мазмұны мен үлгісіне қатысты төл ерекшеліктері және қазақ халқының дәстүрлі музыкалық мәдениеті туралы білім қалыптастыру;

б) ән мен күйдің идеялық, эстетикалық мәнін түсіну, олардың сезім тербетер дүниелі мазмұнын болжау;

в) оқу барысында (оқытушы мен оқушының қарым-қатынасы) еркін шығармашылық ахуал орнықтыру мақсат тұтылады. Ойдағыдай нәтижеге қол жеткізу үшін музыка мұғалімі ұдайы өзін-өзі шындап, дамытып отыру керек, жаңаша ізденіс үстінде болуы қажет;

г) басқа пәндермен байланыс жасау, шешендік өнерін дамытуға ден қою, тіл ұстарту мәселесіне көңіл бөлінеді.

Оқушылардың әсемдікті көре, түсіне, жасай білуі мен рухани өмірін байыту, туған еліне, жеріне, табиғатына деген сүйіспеншілігін және ұлтымыздың бай қазынасы – қазақ фольклорына қызығушылығын арттыра отырып, олардың бойында эстетикалық мәдениетті тәрбиелеу – бүгінгі таңда өзекті мәселе болып отыр. Оқушының әсемдік пен әрсіздікті, жақсы мен жаманды, мейірімділік пен зұлымдықты, қуаныш пен қайғыны түсініп ажырата білуіне байланысты оның эстетикалық мәдениеті мен мінез – құлық дағдылары айқындалады. «Жаратылыстың, һәм өнердің сұлу заттары адам жанында сұлулық сезімдерін оятады. Сондықтан баланың сұлулық сезімдері әр түрлі нәрседен оянымпаз болады. Біреудің музыкадан, сұлу суреттен, біреудің поэмадан. Мұғалімнің міндеті балада өнердің қандай түріне ынта бар екенін тауып, сол ынтасын, түр туғызатын сұлулық сезімдерін өркендету», - деп А. Жұбанов айтқандай, мектеп оқушыларының эстетикалық мәдениетінің дамуы сынып жетекшілерінің және пән мұғалімдерінің шеберлігі мен тәрбие құралдары қазақ фольклоры жанрларын тиімді қолдана алуына, әдіс-тәсілдеріне байланысты.

Әр адам өзінше дараланған жеке тұлға. Адамдар жеке тұлға болып бірден дүниеге келмейді. Әрбір адамды қалыптастыру, тәрбиелеп жетілдіру қажет.

Жеке тұлға дегеніміз адамның мінез-құлқындағы, іс-әрекетіндегі, көзқарасындағы ерекшелігімен даралануы.

«Бұлақ көрсең, көзін аш», “Егер оқушы кез-келген еңбегінде, шығармашылық жұмысында жоғары көрсеткішке жетіп, өз құрбыларынан ерекшеленсе, ондай оқушыны дарынды деп атауға болады” деген нақыл сөзді басшылыққа ала отырып, өз шәкірттеріміздің музыкаға деген құдіреттілігін анықтай алдым. Сол шәкірттеріміз төмендегідей нәтижеге қол жеткізді, қазіргі шәкірттерімізде солардың ізін басып келеді. Бірнеше шәкіртіміздің жетістіктеріне тоқталып өтсем:

Тойшан Бейбарыс - бірнеше дүркін аудандық, аймақтық, облыстық республикалық әндер байқауының жеңімпазы. Қазіргі таңда Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің Өнер факультетін тәмамдап, Қостанай облыстық филармониясының әншісі, қалалық үрмелі аспаптар оркестрінің белді бір мүшесі қызметін атқаруда.

Хасенова Аружан - бірнеше дүркін облыстық, республикалық, халықаралық байқауларының жеңімпазы. Облыстық «Триумф» жүлдесінің иегері. Қазіргі таңда Алматы қаласындағы Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ өнер академиясының, музыкалық өнер факультеті, эстрадалық вокал кафедрасының студенті.



Қорытындылай келе айтарым: оқушыларда музыка өнеріне дүниетанымын қалыптастыруда, халық қазынасын, халық тағылымын халық музыкасын тындатудың үлкен маңызы бар. Ал балалардың қаншалықты музыканы қабылдай алу дәрежесі мұғалімнің шеберлігіне және сабақта әдістемелерді дұрыс қолдана білуіне байланысты. Оқушылар музыканы қоршаған ортаны, өмір мен адамның сезімін бейнелейтін құрал ретінде түсінеді.

Музыка өмір қозғалысында даму динамикасында шындықты бейнелейді. Музыканың мазмұны сезім, эмоцияға көңіл-күй болып табылады. Ал, қазіргі таңда тәрбиеленіп жатқан шәкірттеріміздің алар асуларының биік болып, талай биікті бағындырарына сенімдімін.



## **ХИМИЯ, БИОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА ЦИФРЛЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ**

*"Алтынсарин ауданы білім бөлімінің  
Ыбырай Алтынсарин атындағы  
Обаған жалпы білім беретін мектебі" КММ,  
химия, биология пәні мұғалімдері,  
Бекенбай Ж., Галым А.А.*

**Мақсаты:** дарынды оқушылардың ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, қызығушылығын тудыру, белсенділігін арттыру ең негізгі мақсат болып айқындалады.

Қазіргі заманда білім берудің тағы бір негізгі мақсаттарының бірі – білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдер, цифрлық ресурстар мен әр түрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Осы мақсатты жүзеге асыруда ақпараттық технологияны пайдалану әдісі зор рөл атқарады.

Оқушыларға, әсіресе цифрлық өмірдің жаңа қалыпты жағдайында оқыту тәсілдерін жақсартудың жолдары әрқашан бар. Виртуалды шындық, цифрлық ресурстарды пайдалану, интерактивті шаблондар – мұның бәрі мұғалімдерге жылдам әрі тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Бірақ қандай әдістерді қолдануға болады?

Химиядан виртуалды зертхананы қолдану:


- Phet.Colorado.edu
- Olabs.edu.in
- Онлайн мектеп тапсырмалары және itest тапсырмалары
- Ютуб каналы – ҰБТ есептерін талдау.
- Kahoot бағдарламасы



- Ватсап арқылы чатта есеп талдау.

Бұл әдістердің тиімділігі - интернет және тағы басқа көрнекі материалдарды пайдалануы айтарлықтай нәтиже береді.

Химия пәні бойынша виртуалды зертханалар оқу материалын меңгерудегі іс-әрекетін жүзеге асырудың бір құралы болып табылады. Виртуалды зертхана білім алушыға пәндік білімдер мен біліктерді игеруге жағдай жасайды. Оқыту үдерісінің көрнекілік деңгейін арттыруға, білім алушылардың іс-әрекетін белсендіруге мүмкіндік береді.




**Phet.Colorado.edu**

**Kahoot бағдарламасы**

Kahoot қосымшасының ерекшеліктерінің бірі – тесттерді қайталау және өңдеу мүмкіндігі бар, бұл оқытушыға көп уақыт үнемдеуге мүмкіндік береді.

Артықшылықтары:

- Әртүрлі тест түрлерін жасау мүмкіндігі.
- Ойын механигі форматында тесттер жасау мүмкіндігі.
- Тесттердің әр түрлілігі.
- Интерактивті режим, нақты уақыт режимінде оқушылар ойын қалай өтіп жатқанын және кім жеңетінін көреді.
- Сервистің тегін нұсқасында жақсы мүмкіндіктер бар.



On-line мектеп алгоритмі жасанды интеллект ретінде мұғалім мен оқушы үшін жақсы көмекші.

«WhatsApp» әдісімен оқушылардан кері байланы салуға болады. Бұл тәсіл білім алушылардың сыни ойлауын, тақырып бойынша нақты тұжырым жасап, қорытындылай білуі не септігін тигізеді.

Білім беруді цифрландырудың нәтижелері жеке білім беру процестеріне және білім алушы қызметінің үздіксіз мониторингіне негізделген тиімді білім беру болады.

Цифрландыру сабақтардың топтық және жекені сандарын пайдалану мүмкіндіктерін кеңейте отырып, кәсіби білім мен дағдыларды толық меңгеруді қамтамасыз етуге мүмкіндіктері мол.

Қысқа мерзімдік жоспар құрастырар алдында біз өзімізге сұрақ қоямыз «Оны қалай жүзеге асырамын?», «Не қолданамын?».



Маңыздысы – мұғалімдерге сыныпта көбірек өзара әрекеттестік орнатуға және оқушылардың оқуын жақсартуға көмектесетін инновациялық тәсіл мен бірегей идеялар. Оқушыларды өз бетінше ойлауға, шешім қабылдауға, топпен жұмыс жасауға, коммуникативті және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, жауапкершілікке баулу үшін мұғалімдер мен шеберлер жаңа әдіс-тәсілдерді зерттеп, қолдануы керек.

Білім беру ресурстары білім алушыларға жаңа білімді игеруге, дағдыларды дамытуға және шығармашылық ойлауды ынталандыруға көмектесетін білім беру процестерінде шешуші рөл атқарады. Олар сонымен қатар педагогтерге қызықты және тиімді сабақ әзірлемелерін жасауға көмектеседі. Білім беру ресурстарын білім алушылар да, мұғалімдер де білім беру процесін жақсарту және нығайту үшін пайдаланады.


Білім беру ресурстарының түрлерін мыналар құрайды: оқулықтар, қосымшалар мен бағдарламалар, білім беру ойындары және т.б. Қазіргі білім беру ресурстары көбінесе технологиялық компоненттерді қамтиды.

Жаңа ақпараттық технологиялар – бұл оқушыларға зерттелетін материалды жаңаша ұсынуға, оны жүйелеуге мүмкіндік беретін бүгінгі педагогикалық технологиялар.


Қазіргі кезде сабақта қолданылатын көптеген платформалар бар. Платформаларды жаңа сабақтың тақырыбын ашуға, жаңа материалды игеруде, жаңа материалды бекітуге, оқушылардың білімдерін тексеруде қолданылады. Сабақтың әр кезеңдерінде қолдануға болады. Мысалы: Popplet, Joyteka, learning.Apps, quizlet.com, Plickers, joiteka.com, wordwall, Canva, Padlet.com, Mindoma, ZipGread, Googl.forms, WordSearch.



Үй тапсырмасын орындаған оқушыларды жеке бағалауға тиімді Canva арқылы жасалынған бағдарламаны ұсынуға болады.





Жаңа сабақпен таныстыруда сандық білім беру ресурстарын оқу материалын тиімді игеру үшін қолданады. Оқушыларға жаңа тақырып бойынша видео көрсету, 3D модельдерді жаңа сабақты түсіндіруде қолданамын. Mozik.com 3D бағдарламасын ұсынамын. Мүшелер жүйесінің суреттерін, муляждармен көрсетуге болса, ал жасушаның құрылысы, терінің құрылысы, нәруыздың биосинтезі сияқты тақырыптарда 3D модельді қолдану тиімді. 3D модельде мүшелердің құрылысымен тереңірек танысады, яғни көзбен көре алмайтын заттарды жан – жағынан көреді.





**Топтық жұмыста ЦР арқылы "Галерея" / "ПОПС"/"Джиксо" әдіс-тәсілін қолдану.**

- <https://jamboard.google.com/d/1aj88yE9sz2VlKrUSxFKeVZC-gEL27ewhOsPFIKmvrWA/edit?usp=sharing>
- <http://app.popplet.com/#/p/7451970>
- <https://www.mindomo.com/ru/dashboard>



Жаңа сабақты бекітуге арналған тапсырмаларды әр түрлі платформаларда дайындауға болады. Мысалы: Googl.forms, Padlet.com.



## **БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ**

*«Қамысты ауданы білім бөлімінің №2 Қамысты жалпы білім беретін мектебі» КММ,  
бастауыш сыныбының мұғалімі,  
Гизатова А.К.*

Педагогикалық энциклопедияда: «Дарындылық дегеніміз – адамдардың қабілеттерін жақсы дамуының жоғары сатысы», - деп атап көрсетіледі. Осы қабілеттілік арқылы адамдар көптеген жақсы жетістіктерге жете алады. Ал бала бойындағы дарындылықты дамыту жолдары аз емес.

Ғалымдардың айтуы бойынша дарынды балалардың негізгі мәселесі олардың қабілеттерін жеке тұлғалық және әлеуметтік маңызды салалардағы іс-әрекеттерде іске асыру. Басқаша айтқанда, дарынды балалар есейе келе оларға артылған үмітті көбі ақтай алмайды, тек сол балалардың ішінен азы ғана болашақта өзінің ерекше қабілетіне сәйкес орнын табады. Сөйтіп, оқу мекемелердің, мұғалімдердің, ұстаздардың міндеті дарынды балалардың біліми қажеттіліктерін максималды көлемде қамту үшін, жетістікке жетуге олардың қабілеттерін тексеру мен өмірде әлеуметтік және өзін дамыту арқылы дамуына көмек көрсету болып табылады. Мұғалімдердің педагогикалық іс-әрекетіне байланысты айтатын болсақ, онда олар өз пәндері арқылы олардың дамуы үшін жағдай жасай отырып, дарынды балалармен жұмыс жасау бойынша негізгі міндеттерді шешуге нақты көмек көрсете алады.

Дарынды балалардың қабілеттерін іске асыру мәселенің бірі болып табылады. Сөйтіп, дарынды балаларды оқытуға берілген әлеуметтік тапсырысты келесідей түйіндеуге болады: дарынды балаларды оқыту кезінде

олардың өз қабілеттерін іске асыруға және дамытуға мүмкіндік беретін жағдай жасау, кейбір қылықты дамыту және қажетті деңгейге қалыптастыру қажет.

«Сабақ үрдісінде осындай дарынды, талантты оқушыларды қандай әдіс-тәсілдер арқылы дамыта аламын?» - деген сұрақты әр ұстаз өзіне қоятыны мәлім.

Дарынды балаларды анықтағанда және олармен жеке жұмыс жүргізгенде сол бала жанындағы ортаның педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік жағдайына назар аударып, сыныптағы атмосферасы мен дамытушылық жігері жағымды танылуы тиіс.

Дарынды балалармен жұмыс жүргізу барысында, олардың жеке бастарының ерекшеліктерін зерттей отыра, ғылыми деректерге, олардың ішінде психология ғылымының басты негіздеріне сүйене отырып, дамыту үрдісін барынша көтеруге мүмкіндік туады. Әсіресе, ес есте сақтау, зейін, ойлау, сөйлеу, ерін сияқты күрделі психологиялық категориялар мен заңдылықтарын бас шылыққа алу аса қажет. Енді ойлау категориясын алсақ, сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының байланыс – қатынастарының негізінде адам миында жалпылай түйсіну және жанама түрде сөз арқылы бейнелеуі. Жалпы ми қалай қызмет атқарады? Ми қандай шарлардан тұрады?... Мидың сол жақ, оң жақ жартышары қандай қызметке жауап береді?

Сол жақ жарты шар не үшін жауап беретінін толығырақ қарастырайық:

- Логикалық ойлау;
- Барлық фактілерді талдау;
- Тілдік қабілеттер;
- Сөйлеуді бақылау;
- Оқу мен жазу дағдылары;
- Фактілерді, күндерді, есімдерді есте сақтау және соңғысын жазу;
- Сөздердің тура мағынасын түсіну;
- Ақпаратты дәйекті, кезеңмен өңдеу;
- Сандар мен белгілерді тану;
- Математикалық есептерді шығару;
- Дененің оң жартысының қозғалысын бақылау.

Енді оң жақ жарты шар не үшін жауап береді:

- Интуиция;
- Сөзбен емес, символдар мен бейнелермен бейнеленетін вербальды емес ақпаратты өңдеу;
- Музыкалық қабілет, сонымен қатар музыканы қабылдау қабілеті;
- Метафораны түсіну;
- Өзгенің қиялының жұмысының нәтижесін түсіну;
- Армандар мен қиялдар;
- Әр түрлі әңгімелерде құру;
- Бейнелеу өнеріне қабілеттілік;
- Әр түрлі ақпаратты үлкен көлемде бір мезгілде өңдеу;
- Талдауды қолданбай мәселені тұтастай қарастыру;
- Мистика, ғажайыптарға және жоғары күштерге сену;


- Дененің сол жақ жартысының қозғалысын бақылайды.

Егер сіз сол қолыңызды немесе аяғыңызды көтерсеңіз, бұл оны көтеру туралы бұйрықтың оң жарты шарда шыққанын білдіреді.

Көріп тұрғандай адам миының екі жартышарларының қызметі бірдей болып келеді. Баланың қабілеттерін барынша дамытып жетілдіру үшін, мидың екі жақ жартышарларының жұмысын арттыру үшін нейрожаттығулардың әсері ерекше. Нейрожаттығу ойлау қабілетін белсендіреді. Қазақтың айтуынша «Адамның ақылы – саусақ ұшында». Саусақпен жасалатын нейрожаттығулар өте көп. Мысалы: «Қоян – әтеш, Сақина, 10 саусақ, Жұдырық – алақан - қабырға, құрбақа» т.с.с. Нейрожаттығудың тағы бір түрі «Екі қолмен сурет салу».

Келесі тағы бір әдіс «Мнемотехника» немесе «мнемоника» грек тілінен аударғанда, «есте сақтау өнері» деп аталады. Мнемотехника - есте сақтау, тіл дамытуда оны дұрыс жеткізе білудегі тиімді әдіс пен тәсілдер жүйесі. Мнемотехника - қарапайымнан басталып, күрделене түседі. Мысалы: мнемокестелерден құрылған тақпақтар

### «Ормандағы аю»



Ормандағы аюдың



Құлпынайы көп екен.  
Теріп, теріп алайық  
Қалтамызға салайық

### «Нан»



Нан қоқымын шашпандар  
Жерде жатса баспандар.  
Теріп алып қастерлеп,  
Торғайларға тастандар.



Мнемокестемен жұмыс жасаудың басқа бір түрі:  
Сөздерді мнемотехника тәсілімен, қисынсыз байланыстыру:

Түлкі - алма

Тиін - қарақат

Қасқыр - күріш

Тышқан – шалбар

Машина – шай


Мнемотехника дамытуға көмектеседі:

- Ассоциативтік ойды

- Көру және есту қабілеті арқылы ақпаратты қабылдау және есте сақтауды

- Қиялын
- Байланыстырып сөйлеуін
- Ұсақ моторикасын.

Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарына тамаша қолдануға келетін әдіс-тәсілдердің бірі «Кадроплан». Оқылған мәтіннің сюжеттік ретін орналастыруға берілетін, мазмұның толық білуді қажет ететін тәсіл.



Баланың білсем екен, үйренсем деген талабын ұштайтын, жеке ерекшелік қасиет, қабілеттерін ескере отырып оларды біліммен, іскерлік, дағдымен қаруландыратын, танымдық ой-өрісін және шығармашылық әлеуетін дамытатын мұғалім - ұстаздың ерекше мақсатты қызметінің қажеттілігі жоғары. Шәкәрім Құдайбердиев те «Насихат» атты өлеңінде өмірдің тұтқасы өнер мен білімде, өнерлі озады, білімді ғаламды билейді, ғылым таусылмас кен, оны жас күнінде үйрен деп насихаттайды.

Дарынды бала дегеніміз – болашақта жаңа технологияларды ойлап табатын, ізгі саясаткер, сенімді дәрігер, шебер музыкант, қайталанбас суретші, ол еркін, жауапты, жоғары адамгершілік иесі, бұл ұлттық құндылық.



## ОРГАНИЗАЦИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ РАБОТЫ И СОТВОРЧЕСТВА ТАЛАНТЛИВОГО ПЕДАГОГА С ОДАРЕННЫМ УЧЕНИКОМ

*Голованова Н.И.,  
заместитель директора по УР КГУ «Гимназия № 5  
отдела образования города Рудного»*

*Средний учитель рассказывает.  
Хороший учитель объясняет.  
Очень хороший учитель демонстрирует.  
Великий учитель вдохновляет.  
Ворд У.А.*

Организация сотрудничества и сотворчества педагога с успешным учеником в образовательном пространстве представляет собой интегрированную паутину взаимодействия по модулям: учитель — ученик, ученик — ученик, учитель – учитель. Содержание учебно-методической работы по выявлению, развитию и поддержке одарённых детей представлено шестью направлениями и тремя формами. Хотим остановиться на ключевых, традиционных для гимназии, апробированных, способствующих гимназистам покорять интеллектуальный Олимп.

В 2018-2019 учебном году в гимназии была использована новая для учебного заведения форма работы с одаренными детьми - Летняя Школа олимпийского резерва (*далее - ШОР*). ШОР – добровольное объединение обучающихся гимназии, которые имеют стремление к совершенствованию своих знания в определённой области науки, учебного предмета.

Руководителем Летней школы является заместитель директора по профильному обучению. Для работы с одарёнными детьми привлечены опытные педагоги-исследователи. Деятельность ШОР для учителей – форма организации внеучебной и каникулярной деятельности с высокой мотивацией к изучению профильных предметов. На занятиях ШОР используются разнообразные формы организации олимпиадной деятельности. Осуществляется сотрудничество с научными обществами учащихся (*далее – НОУ*) других школ; проводятся «уроки-практикумы» преподавателями высших учебных заведений, гуру на пути к успеху.

В состав ШОР до 2020 года входили обучающиеся 7-10 классов гимназии, с 2021 года ряды олимпийцев пополнились учениками 5 и 6 классов, являющиеся призерами предметных олимпиад различных уровней. В 2022-2023 учебном году участниками школы олимпийского резерва стали 79 обучающихся 5-10 классов гимназии. Программы подготовки с успешными олимпийцами разрабатываются учителями-предметниками, согласовываются на научно-методическом совете гимназии.

Одна из основных практических задач современного образования – формирование у школьников навыков исследовательского поведения. Школьная научно-практическая конференция «Путь в науку» - форма образовательной деятельности, направленная на развитие научного мировоззрения, познавательной активности учеников, проектного подхода к исследовательской деятельности под руководством учителя. Учредителем школьной НПК является школьное научное общество «Insight». Современные проектные, проблемно-поисковые технологии позволяет педагогу не только учить, но и помогать ребенку учиться.

Участниками конференции являются обучающиеся 2-11 классов. Для участия в конференции, обучающиеся делятся на возрастные группы (2-7 классы и 8-11 классы) в соответствии с организацией ученических конференций РНПЦ «Дарын». Школьная НПК проводится 2 раза в год. В ноябре в рамках Открытия Ассамблеи НОУ проводятся демонстрационные заседания секций, где обучающиеся презентуют свои разработки. В феврале организуются итоговые заседания секций, где обучающиеся выступают с



докладами о результатах своих работ перед педагогами и сверстниками. Выступления оцениваются жюри по критериям, жюри, выносятся решения об определении победителей и призеров.

В методической работе гимназии значимую роль играют обучающие семинары, тематика которых определяется результатами диагностики по выявлению профессиональных затруднений педагогов гимназии. В этом учебном году возникла потребность в проведении школьного обучающего семинара об эффективной и грамотной организации научно-исследовательской деятельности. Заместителем директора по профилю успешно проведён семинар-практикум для заинтересованных учителей-предметников и молодых педагогов, который способствовал отработке и запуску эффективных механизмов в работе над научными проектами, росту числа педагогов, работающих над созданием научных проектов с обучающимися.

Методическая работа направлена на создание условий для развития личностных и профессиональных качеств педагогов. Единый методический день с 2018 года – традиционная форма повышения педагогического мастерства, профессионального роста учителя, создающая условия для самореализации педагога, для продуктивной работы с одарёнными учениками. Успешный и талантливый педагог для успешных детей – прежде всего, учитель-предметник, глубоко знающий и любящий свой предмет.

Участниками ЕМД зачастую являются опытные учителя, которые охотно транслируют своё мастерство на открытых уроках. Каждый год наш коллектив пополняется молодыми специалистами, для которых данное мероприятие имеет особую ценность, так как не только позволяет перенимать реальный опыт от успешных коллег, но и получать знания, формировать навыки в организации урочной и внеурочной деятельности с успешными и мотивированными учениками.

Методический день проводится два-три раза в год. Тематика определяется исходя из потребности педагогов и их профессиональных затруднений. В нём принимают добровольное участие все учителя. Заместителями директора определяется количество участников (по заявкам от каждого ШМО), рандомно формируются группы (не менее 7 педагогов-гостей), назначаются модераторы групп. На планёрке педагогического коллектива в формате презентационной площадки «Голос модератора» проводится подробный анализ ЕМД. Участники адекватно воспринимают мнения коллег.

Похвала и добрые пожелания – мотиватор к творческому поиску, замечания и рекомендации – старт к размышлениям по внесению корректив. За последние два года, с 2021 по 2023 год, было проведено 5 ЕМД по различной тематике, в которых приняли участие 50 педагогов гимназии, из них 14 успешно прошли ППО на городском уровне, внесли опыт в областной банк передового опыта 6 учителей, 4 человека лицензировали свои работы.

Единый методический день – стартовая площадка для раскрытия потенциала молодых педагогов и трамплин для опытных учителей по успешной

реализации собственных разработок, программ, для продуктивной работы с мотивированными, успешными и талантливыми учениками.

В заключение хочется сказать, что работа педагога с одаренными детьми – это сложный, взаимный, постоянный процесс, требующий от учителя постоянного роста мастерства, педагогической гибкости, тесного сотрудничества с администрацией, психологической службой, педагогами и родителями одаренных.



## ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ ЖҮЙЕСІ

*«Денисов ауданы білім бөлімінің  
Фрунзе жалпы білім беретін мектебі» КММ,  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,  
Дауренбекова К.Р.*

*Дарынды бала – ел ертеңі  
Дарынды бала – ел тірегі.  
М. Әуезов*

Болашақтың жастары қандай болмақ? Бұл бүкіл адамзатты ойландырып отырған жайт. «Жас бала жаңа өркен жайған жасыл ағаш тәрізді», - дейді халқымыз. Жерге отырғызған жас көшет қашан тамырын тереңдетіп, жапырағын жайып саялы ағаш болып үлкейгенше мәпелеп-күтіп, үзбей тәрбиелеуді қажетсінеді. Адам да сол тәрізді. Менің мұғалім ретіндегі оқу мен тәрбие саласындағы аса маңызды міндетім – талабы таудай дарынды жеке тұлғаны іздеп тауып, оны жетілдіріп шығару. Ал мақсатым - тәрбие мен білім бере отырып, ұлттық дәстүрді ұстаушы, дені сау, адамгершілігі мол, қабілеті дамыған, жан-жақты, бәсекеге қабілетті, ұлтжанды іскер, өрісі биік адамзат тәрбиелеу. Әрбір ұстаз ойлау қабілеті жоғары оқушысы болғанын қалайды. Мемлекетіміздің рухани және әлеуметтік дәрежесі қазіргі таңда білім деңгейімен бағаланады. Жастарды осы талапқа сай тәрбиелеу үшін, мұғалім өзі оқыту әдістерін жетілдіріп отыруы тиіс. Яғни, **Дарынды дамыту** – ұстаз парызы

**Кейінгі уақытта**, білім беру жүйесін өзгертуде – бала дарындылығын айқындауда жаңа талаптар қойылып отыр. Ол «аса дарынды балалар» үшін білім беру ұйымдарында білім беру бағдарламалары бойынша жүзеге асырылатын білім болып табылады. Міне, бұл да дарынды балаларды қолдаудың бір түрі болып табылады.

Дарындылық – бұл өмір бойы жүйелі дамып отыратын психика сапасы, адамның басқалармен салыстырғанда бір немесе бірнеше іс-әрекет түрлеріндегі қол жеткізген жоғары жетістіктерінің көрінісі.

Дарынды бала – өз құрбыларынан ақыл-ойының дамуымен біршама озатын немесе аса көрнекті арнаулы қабілеттерін көрсететін бала.

Балалық жас – қабілеттер мен тұлға қалыптастыру, бала психикасында шоғырланған түрлі үрдістерді саралау кезеңі. Сондықтан оқушы дарындылығын дамытудың маңызы зор.

### **Негізгі бөлім**

#### **Дарынды бала – ол кім?**

Бұл сұраққа жауап беру үшін негізгі екі аспектіні назарда ұстау қажет: Дарынды баланы анықтау және онымен жұмыс істеуді ұйымдастыру. Дарынды балалардың бір-бірінен айырмашылығы болғанымен, кейбір ортақ ерекшеліктері де бар. Дегенмен ғылымда **бала дарындылығын анықтайтын кейбір әдістер бар.**

Олар:

- Аналитикалық (Жаппай әдіс)
- Түрлі тесттер
- Анкеталар
- Ата-ананың әңгімесі
- Мұғалімнің мінездемесі
- Диагностикалық әдіс.

Дарынды балалармен жұмыс істеу мазмұны

- Мектептегі айрықша қабілетті, дарынды оқушыларды анықтау, қолдау.
- Дарынды балалармен тұрақты, жүйелі жұмыс жасап, олардың табиғи қабілетін ашу, дамыту.
- Дарынды балалардың күнделікті сабақта алған білімі мен іскерлігін үнемі назарда ұстау.
- Дарынды баланың пәнге қызығушылығы қаншалықты деңгейде екендігін анықтап, пән олимпиадаларына қатыстыру.
- Оқушының білім-біліктілігін анықтай отырып, деңгейлік тапсырмалар беру.
- Шығармашылық ізденісін шыңдау бағытында қандай қосымша әдебиеттер пайдалану қажеттігіне кеңес беріп отыру.

Дарынды балаларды анықтау

#### **Жолдары**

1. Дискуссия туындайтын жағдай жасау
2. Сабақ үстінде экстремалдық жағдайлар (ситуациялар) туғызу
3. Ойындар ұйымдастыру (КВН, сайыс, дебат, т.б.)
4. Топтық жұмыс ұйымдастыру
5. Творчестволық потенциалын зерттейтін тәсілдер жүргізу
6. Әр оқушыға өсу деңгейін көрсететін мониторингтер жасау
7. Деңгейлеп оқыту
8. Жеке тапсырмалар беру

Дарынды балалармен жұмыс істеуде нені ескеру керек?

Балалардың пәнге қызығушылығын, білуге құштарлығын нақты анықтау.

Балаға тапсырманы деңгейлеп беріп, зейінін тұрақтандыру қажет.

Баланың мінез-құлық ерекшелігін білу (нені ұнатады, нені ұнатпайды, қай кезде білімді жақсы меңгереді, қай кезде шаршайды? т.б.).

Баланың бір қалыпты, жүйелі жұмыс жасауына көңіл бөлу.

Берілген тапсырманы бірлесе талдау.

Бала қызығушылығына қолдау көрсету, орынды кеңес бере білудің маңызы зор.

#### **Дарындылық анықтамасы:**

1. Іс-әрекеттің сәтті орындалуын қамтамасыз ететін қабілеттік істің өзара сәйкестік сапалығын айтады.

2. Іс-әрекеттің жағдайдағы ерекшелігін, кеңінен қамтылған адам мүмкіндігі.

3. Ақылдың потенциалы немесе интеллект. Оқуға, білімге жалпы танымдық мүмкіндіктер және қабілеті.

4. Баланың табиғаты арқылы дамыған қабілет туралы.

5. Таланттылық және адамгершілігінің жоғары жетістіктерге жеткізетін іс-шаралар.

#### **Дарынды баланың сипаттамасы:**

1. Интеллектуалдық сферасы.

2. Білімділік өрісі

3. Ойлау қабілеті ерекшесі тұрақты, қызығуы мол, кейде бір іспен айналысса тоқтай алмайды, өз ойын ерте жеткізеді.

#### **Дарындылық үш параметрмен анықталады:**

1. Танымдылық жеке дамуы.

2. Психологиялық дамуы.

3. Физикалық дамуы.

**Дарынды оқушыларды таңдау барлығы назар аударатын ерекшеліктер.**

1. Дарынды бала өзгеше және шапшаң ойлайды.

2. Дарынды оқушылардың ішкі сезімі жағынан өзгешелігі өте сезімтал, ықылас қойған нәрсесін, тақырыбын әр жерде негізгі мәселе етіп ұсынады.

3. Дарынды оқушылардың физикалық тұлғадан ерекшелігі дамудағы шапшаңдылық ақындарша сөйлеуі жиі-жиі берілуі қиял-күйінің басым түсуі.

4. Әлеуметтік тұрғыдан ерекшелігі адамгершілік сезімдерінің ерте дамып жоғары моральдық қасиеттерге ие болуы.

#### **Дарындылықты анықтағанда төмендегі факторларды ескеру керек.**

1. Жас ерекшелігі.

2. Тұлғалық ерекшелігі.

**Қазақ тілі мен әдебиет пәнінен дарынды оқушылармен жұмыстың мақсаты:**

1. оқытуды жеке тұлғаға қарай бағыттау, диагностикалық зерттеу жүргізу арқылы дарынды оқушылардың қабілеттерін дамыту;

2. оқушылардың тілдік көркем стильді ауызша, жазбаша түрде қолдана білу біліктерін жетілдіру;

3. шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерінің дамуына жағдай жасау.

**Қазақ тілі мен әдебиет пәнінен дарынды оқушылармен жұмыстың міндеті:**

1. сабақ және сабақтан тыс кезеңдерде көркем әдебиетке сүйіспеншілікке баулу;
2. тілдік қолданыстарының әдеби деңгейін қалыптастыру;
3. таным белсенділігі мен өзіндік ізденісті жетілдіру;
4. логикалық ойлауын, функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыруға бағыттау;
5. өзін-өзі дамытуға, болжам жасай білуге жағдай жасау.

**Қазақ тілі мен әдебиет пәнінен дарынды оқушылармен жұмыстың МАЗМҰНЫ.**

Мектеп, соның ішінде оның мұғалімі, ең алдымен, қоғамның әлеуметтік тапсырымын, өзі өмір сүріп отырған ортаның негізгі мақсаттарын жүзеге асыру айналасында жұмыс істеуі керек. Әлемдік білім кеңістігіне ену, өзіндік орнымызды анықтау – мұғалімдер қауымының алдына зор міндет жүктеп отыр. Соның бірі және бірегейі – оқытуды жеке тұлғаға қарай бағыттау, еліміздің ертеңі жас буындардың бойындағы қабілет пен талантты дер кезінде танып, аша білу. Бүгінгі ғаламдану процесінде ұлттық бейнені сақтау – ең негізгі құндылық. Бұл құндылық тіл беріктігіне, тілдік ортаны дамытуға тікелей байланысты. Оқылатын пәндердің нысандары тіл арқылы ғана танылады. Қазақ деген елді өзгелер дарынды түлегімен, ойшыл ғалымымен, ұлтжанды данасымен таниды, ал осындай асылдарды әлемдік биікте таныту тіл арқылы жүзеге аспақ. Ендеше, оқушының тілдік дарындылығын дамыту – бүгінгі таңдағы басты мәселе. Бағдарламаның мазмұны оқушылардың тілдік дарындылығын дамытуға бағытталған бірнеше бөліктерге бөлінген.

**1 бөлім.** Оқушы дарындылығын зерттеуге арналған жұмыс түрлері қамтылған. Дарындылық белгілері ретінде өз бетімен жағдаяттарды шеше алуы, тілдік қолданыстарға деген қызығушылығы өте жоғары болуы, дербес іздену жұмыстарын іске асыруы, алдына мақсат қою, жету жолдарын қарастырады; өзіне-өзі бақылау жасауы, стильдік зерттеушілік қабілеттері қалыптаса бастауы есепке алынады.

**2 бөлім.** Оқушылармен сабақ барысында жүргізілетін деңгейлік тапсырмалар жүйесі қамтылған. Сабақтарда интербелсенді әдістер сын тұрғысынан ойлау стратегиялары арқылы пәндік-білімдік парадигманы тілге деген сүйіспеншілік парадигмасымен алмастыратыны қамтылған. Ол сабақтың әр кезеңінде қолдануға ыңғайлы стратегиялар негізінде көрсетілген.

**3 бөлім.** Оқушылармен сыныптан тыс кезеңде жүргізілетін жұмыс түрлері түрлі сайыстар мен пәндік олимпиадалар және мен интернет арқылы қашықтан жүргізілетін жұмыс түрлері берілген. Яғни оқушыны жан-жақты дамыту жолдары ескерілген. Сондай-ақ, оқушылардың басқа мәдени шаралармен және қаланың, аудан мен облыстың, республика мен халықаралық деңгейде өткізілетін сайыстар мен шараларға қатысуына бағытталған.

**Қазақ тілі мен әдебиет пәнінен дарынды оқушылармен жұмыстың**

## **КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ.**

1. оқушыларды өз тілінде жатық сөйлеуге, кез-келген ортада қарым-қатынасқа түсе алуға даярланады;
2. кестелі, бейнелі тілдік сөйлеуді қолданады;
3. Өзіне тән стильдік ерекшелігі қалыптасады;
4. Сөз бояуын құбылта алады.
5. Ойын анық, дәл, шешен тілмен жеткізеді.
6. Сөзі ой мен сезімге әсер ететін мағыналы сөздік тұлғаларды қолданады;
7. Әдеби тілдік нор-маларды ұтымды қолданады.
8. Жағдаяттардан жол тауып шыға алады.

Әрине, артқарылған істер аз емес. Дегенмен, әлі де болса бізді ойландыратын, толғандыратын істер жетерлік. Атап айтқанда, олар – білім сапасын арттыру, оқушылардың біліміне, ойлау қабілетіне сай деңгейлеп оқыту, ғылыми-ізденіс қабілеттерін қалыптастыру, т.с.с. Өйткені, ХХІ ғасыр - білімділер ғасыры. Ендеше бізге ой өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты парасатты ұрпақ керек екенін бір сәт те естен шығармағанымыз жөн.



## **ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС**

*«Науырзым ауданы білім бөлімінің  
Раздольный жалпы білім беретін мектебі» КММ,  
қазақ тілі мен әдебиет пән мұғалімі,  
Досмагамбетова А.Т.*

*Баланы тәрбиелеушінің дәл өзіндей  
қылып шығармай, келешек заманына  
лайық қылып шығару керек.  
Жұмабаев М.*

Қазіргі заманға сай жеке тұлға қалыптастыру үшін оған ықпал ететін басты адам ол – жаңашыл, шығармашыл мұғалім. Әрбір жеке тұлғаның бойында өнерге, шығармашылыққа спортқа деген ынтасы, дарыны болады. Ал, оқушы бойындағы дарындылықты байқап, әрі қарай шыңдау мұғалімнің шеберлігі. Мұғалім дарынды балаларды анықтаған кезде – өз алдына және оқушының алдына мақсат, міндет қоя білу керек.

Дарынды оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты — олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын

қалыптастыру. Ал мақсатқа жету оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушының танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады.

Қазақ тілі және әдебиет сабақтарында: ақпараттық – коммуникативтік, модульдік, сын тұрғысынан ойлау технологиясының элементтерін пайдалану оқушылардың білімдерін шыңдап, дарынды оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыта түседі.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында мультимедиялық және электрондық оқулықтарды және интерактивті тақтаны пайдаланғанда:

- тақырыпты оқып үйренеді;
- дұрыс сөйлеуге дағдыланады;
- ережелерді сызбалар арқылы түсіндіріп, оқушылардың есінде сақтауға көмектеседі.

Ал ақпараттық жаңа технологияны қолдану оқушыға не береді?

- Оқу материалдарын жиі қайталау мүмкіндігінің өсуімен қатар шығармашылық шеберлігінің артуына жағдай туғызады;

- көрнекті түрде тапсырмаларды орындай алады;

- ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуға көмектеседі;

- уақытты үнемдейді;

- қайталау мүмкіндігі кеңейеді;

- орындаған жұмыстарының қателіктерін бірден көруге мүмкіншілік тудырады.

Интерактивті тақтаға аудио таспадағы өлеңдерді, электронды оқулықтарды компьютер арқылы енгізіп, тақырыбы бойынша сабақта қолданамын. Бұл көрнекі құралдар тақырыпты ашуға, оқушыға жеткізуге көп көмегін тигізеді. Әрбір оқушы таңдалған тақырып бойынша жаттығулар мен тапсырмаларды орындап, тестілер шешіп, семантикалық карталар және сызбалармен жұмыс жасауға дағдыланады. Мазмұны қиындау бір үлкен тақырыптың бөліктерін өткенде қосымша бейнехабар және клиптер қажетті элемент болып табылады.

Дарынды оқушының бойындағы шығармашылықты дамыту үшін қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында төмендегідей жұмыстарды ұйымдастыруға болады:

- жеке жұмыс;

- әр шығармашылығына көңіл бөлу;

- әдеби шығармалар бойынша эссе жазу;

- ақын-жазушылар туралы мәлімет жинау, талқылау;

- шығарманы өз бетінше аяқтау;

- мектепшілік, қалалық, облыстық сайыстарға қатысу;

Қазақ тілі немесе әдебиет сабақтарында дарынды оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулуға байланысты сабақта проблемалық сұрақтар мен тапсырмалар қою арқылы оқушыны зерттеуге жетелеуге болады.

Оқушылардың белсенділігін, қызығушылығын арттыра түсу үшін, шығармашылық қабілеттерін сабақта дамытуда әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады.

Сабақ барысында оқушының ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында технологиялар баршылық. Солардың бірі «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы.

Оқушылардың мәтінмен жұмыс дағдыларын дамытуға, ауызша және жазбаша тілдің барлық түрін қарым-қатынас дағдыларын меңгертуге бағытталған технология болып табылады.

Осы орайда мен сіздерге өз сабағымда қолданатын сын тұрғысынан ойлаудың бірнеше әдіс-тәсілдерін сіздерге көрсете өтейін.

#### **«МИКС» жаттығуы**

Бұл жерде оқушылар жеке жұмыс, я болмаса топтық жұмыста өте ыңғайлы әдіс-тәсіл болып табылады. Оқушыларды шығармашылыққа баулуға өте ыңғайлы, өтіп жатқан тақырыпқа байланысты 9-10 тірек сөздер жазылады. 1-ші оқушы – өлең шығару, 2-ші оқушы – эссе жазу, 3-ші оқушы – суреттеу, 4-ші оқушы – сахналық көрініс, 5-ші оқушы – бір әннің әуеніне салып орындайды.

«МИКС» жаттығуы өздеріне 1 сөзден алып, сол бойынша жұмыс жасайды. Бұл әдісті топтық, жекелеме жұмыстарда қолданған тиімді.

#### **«FILA толтыру» әдісі**

Бұл әдісте оқушы оқыған шығармасы бойынша ойын жинақтауда өте тиімді.

**F.** Дерек (шығармадан кейіпкер бейнесін ашатын деректі жинау);

**I.** Пікір (Кейіпкер туралы өзінің ой -пікірі);

**L.** Сұрақ (Кейіпкердің образдық тұлғасын ашатын сұрақтар);

**A.** Іс-әрекет (Автордың кейіпкерді сомдауда қолданылған тәсілі)

Дерек	Пікір	Сұрақ	Іс-әрекет

#### **«Зуылдақ» әдісі**

Ортақ тақырып беріледі. Тақырып бойынша берілген уақыт ішінде ойларына келген сөздерді айтып шығады. Бұл әдісті сабақ ортасында қолдануға болады.

Тиімділігі: Тез, түсінікті сөйлеуге үйренеді, сөздік қорлары дамиды, ойлау қабілеттері артады.

**«Kahoot» жобасы** – оқу мақсатында дидактикалық ойын арқылы немесе оның көмегімен тест, сауалнама, оқу барысында дидактикалық ойын құрастыра аламыз немесе оқушының білімін тексеру мақсатында сайыс түрінде қолдануға болады. Бағдарлама үстел үсті (компьютер, ноутбук) сонымен қатар смартфондар арқылы жұмыс істейді.

**Артықшылықтары:** бұл бағдарламаның артықшылығы көп. Бұл бағдарлама арқылы:

- оқушының сабаққа деген қызығушылығы оянады,
- келесі сабаққа одан да жақсырақ дайындалып келуге ұмтылады;
- және білмегендерін біліп, өзіне бір қорытынды жасай алатындай жағдайға жетеді;



Сондықтан да бұл бағдарламамен сабақ өткізу барысында ешқандай да қиындықтар туындамайды.

### **Бұл бағдарламамен қалай сабақ сұрауға болады?**

Үйге берілген тапсырманы орындағанын тексеруге өте тиімді. Және жаңа сабақты өткеннен кейін, оқушылар нені түсініп, естерінде не қалғанын тест арқылы осы бағдарламамен тексеруге болады. Бұл бағдарламаның тағы да бір ерекшелігі: сіз бұл жерде жазып отырмайсыз, маған керек, осындай бала осындай сұраққа жауап берді деп жазып отырмайсыз. Бағдарлама ең соңында әрбір оқушының өзінің бір баллын шығарып береді, білім деңгейі барлығын көрсетіп береді. Сондықтан да бұл бағдарламамен сабақ өткізу өте тиімді, пайдалы.

### **«Акроним» әдісі**

**Ережесі:** бір сөздің немесе сөз тіркесінің бірінші әріптерінен басталатын сөйлемдер құрау, өлең шығару.

Мысалы: «**Мен жастарға сенемін**» өлеңінен «**сенемін**» деген сөзге акроним жазады.

**С**енімін ақтап,

**Е**лдігін сақтап,

**н**ар тұлғалы ағалар.

**Е**гемендікті жақтап,

**М**енмендікті даттап,

**І**згі амалға бастап,

**Н**аз батыр бабалар.

Бұл жерде бастапқы әріптерінен өлең ғана емес, сөйлем құрап жазуға да болады.

Аудандық қазақ тілі мен әдебиеті бойынша Фарманова Севда «Тіл шамшырақтары» олимпиадасына қатысып II орын; аудандық «Төтенше жағдай» тақырыбында эссе жазып I орын. Жетекші Досмагамбетова Айнагүл Төлегенқызы аудандық конкурске оқушы даярлағаны үшін мадақтамамен марапатталды.

Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық қызметі мен шығармашылығын білім беру ұйымдары арасында кеңінен насихаттау мақсатында өткен Ы.Алтынсарин атындағы I республикалық олимпиадасына қатысып, Тыныштық Береке Нұр-Сұлтан қаласына барып, Республикалық конкурстан II орынды иеленді. Оқушы **төс белгі, жинақ кітап, дипломмен** марапатталды. Жетекшісі Досмагамбетова Айнагүл Төлегенқызы Ы.Алтынсарин атындағы I республикалық олимпиадасына білімді де талапты оқушы дайындағаны үшін **Алғыс хат, төс белгі, жинақ кітабымен** марапатталды.

Мұғалім бақылаушы емес, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетін ұйымдастыратын шығармашылық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана оқушы интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын, танымдылығын дамытады.

Қорыта айтқанда, қазақ тілі сабағында ақпараттық коммуникативті технологиялар оқушының жаңа ақпаратты меңгеріп, өз бетімен ізденуіне, пәнге

деген қызығушылығын арттыруда, мектепте алған білімін күнделікті өмірде жасқанбай қолдануға септігін тигізеді.



## **ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ**

*«Қамысты ауданы білім бөлімінің  
№2 Қамысты жалпы білім беретін мектебі» КММ,  
география пәні мұғалімі,  
Женисхан А.*

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады» деген Абай. Ұлы ақын айтқан осы сөздің мәніне тоқталсақ, озық ойлы білімдар адамдар заманның дамуына өз үлесін қосады. Ойлау, іздену – табиғаттың адамзатқа берген керемет сыйы. Бұл қабілет барлық адам бойын біркелкі дарымаған. Қабілет іс-әрекеттің белгілі бір түрін ойдағыдай нәтижелі етіп орындауда көрінетін адамның жеке қасиеті. Дегенмен табиғат оны бәріне бірдей етіп бөлмей, біреуге көбірек, біреуге азырақ, ал үшіншілеріне мүлдем берілмегені де анық. Қазірге дейін ғылым мен тәжірибеде дарындылық туралы екі түрлі көзқарас бар. Біреулері кез-келген бала дарынды, тек уақытында нақты қабілетін анықтап, дамыту керек десе, ал қарсы көзқарастағылар дарындылық өте сирек құбылыс, жалпы адамдардың өте аз тобына ғана тән дейді.

Дарынды оқушымен жұмыс жасауда «Қазіргі заманға бейімделген интеллектуалды жеке тұлғаны қалыптастыруды» мақсат етіп алып, осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер қойдым:

- Дарынды оқушылар туралы ерекшеліктермен танысу;
  - География пәніне оқушылардың қызығушылығын ояту;
  - Өзіндік тану, өзіндік даму қасиеттерін ашу;
  - Оқушылардың өмірлік құндылықтар мен мақсаттарын айқындап алуына бағыттау;
  - Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту;
  - Интеллектуалды нарық заманына сай азаматты қалыптастыру.
- Оқушының бойында күтілетін нәтиже:
- Географиядан терең білім алу;
  - Пәнге деген қызығушылығын арттыру;
  - Шығармашылық қабілетін қалыптастыру;
  - Идеяға бай шешімдердің альтернативтілігін ұйымдастыру;
  - Әр түрлі жағдайда тапқыр, құрастырғыш, ойдан шығарғыш болу;

- Өз бетімен жұмыс жасай білу;
- Жан-жақты қабілетті болу;
- Алдына мақсат қою және оған жете білу.

Дарынды оқушылармен үнемі қарым-қатынаста болу керек, олардың басқа қандай пәндерге қызығатындығын, сабақтан тыс уақытында немен шұғылданатынын біліп, оларға қосымша қызықты, логикалық ойлауға тартатын, функционалдық сауаттылығын арттыратын, сыни тұрғыда ойлау қабілетін дамытатын тапсырмаларды өздігінен орындауға тапсырма беріп, үнемі оларды қолдап, мадақтап «Сенің қолыңнан бәрі келеді, ойланып, асықпай барлық ойыңды салсаң, осы тапсырмаларды орындай аласың, жетістікке жетесің!» деп отырсаң, оқушы барын салып талпынады. География пәнінен олимпиадаға балалар дайындауда олардың математикалық біліміне көп назар аударуымыз қажет, өйткені, барлық географиялық тапсырмалар тікелей математикалық есептермен байланысты. Географиялық карталарды оқуда, оқушы оның қандай проекцияда, масштабын анықтай, мазмұнын, қосымша мәліметтерін пайдалана алуы, терең білуі, қызғуы маңызды.

Дарынды оқушылармен теория, кітаптар оқу, номенклатура жаттау, танымдық видеолар мен кинолар қарау, практикалық жұмыс жасау, далалық турға шығу, топтық сабақтар, факультативтер, конкурстар, оқушылардың талғамы бойынша үйірмелер, оқушылардың талдауы бойынша курстар, интеллектуалдық марафондар, олимпиадаларға қатыстыру бағыттары бойынша жұмыс жасаймын. Жұмыс жасау барысында СТО және АКТ технологияларының әдіс-тәсілдерін жиі пайдаланамын. Оқушының қызығушылығын ояту, ой толғанысын ашу, ойын қозғау, мағынаны аша білуге үйрету үшін, СТО-ның миға шабуыл, алтернативті тест, INSERT таңбалы кестесі, шатысқан қисынды тізбектер, шығармашылық жұмыс – синквейн әдіс-тәсілдерін қолданамын. АКТ технологиялар элементтерін пайдалану арқылы оқушыларға өздігінен ізденуге бағыт бере отырып, сайттар мен порталдарда емін-іргін жұмыс істей алуға үйретемін. «Kuddelik.lessons», «Онлайн мектеп» порталдарында тапсырмалар мен тест жұмыстарын орындаса, «Joо.kz» сайтында ҰБТ-ға дайындалуға арналған тест тапсырмаларын орындайды, «Flippity.com», «Joyteka.com», «Datawrapper» сайттарында күнделікті сабақтарға тапсырмалар құрастыруға, картотека жасауға көмектеседі, «Microsoft Excel» бағдарламасында 3D карта жасауға үйренеді. География пәніне байланысты облысымызда өтетін семинарға жиі қатысудың арқасында, әріптестерімнің көптеген тәжірибелерін өз жұмысымда пайдаланамын, бөліскен материалдарын оқушылармен жұмыс істей отырып, жетістіктерге жетудеміз. Мысал ретінде: <https://www.seterra.com/> сілтемесі арқылы елдердің қайда орналасуын жататту үшін пайдалансам, келесі сілтемеде <https://phet.colorado.edu/> жер бетіндегі үдерістерді танып білу үшін көмектеседі. Жоғарыда айтылған әдіс-тәсілдермен жұмыс істей отырып төмендегідей оқушыларымның жетістіктеріне қол жеткіздік.

<b>Оқушылардың аты-жөні</b>	<b>Қатысқан олимпиадалары</b>
-----------------------------	-------------------------------

Гизатов Әмірхан	География пәнінен жасөспірімдер олимпиада, аудан, 1 орын, облыс сертификат
Кенезбай Зият	Жалпы білім беретін пәндер бойынша оқушылардың Республикалық олимпиадасы, аудан 1 орын, облыс сертификат
Қуатбекқызы Айша	География пәнінен юниорлық олимпиада, КИО, 3 орын
Жумагулова Томирис	География пәнінен юниорлық олимпиада, 2 орын

Қорытындылай келе, оқушылардың шығармашылығын, қызығушылығын дамыта отырып, ғылым саласында, байқауларға дайындай отырып, дарынды, шығармашыл, білімді, ізденімпаз, тапқыр қабілеті зор оқушы шығару - әрбір ұстаздың міндеті. Бүгінгі күннің негізгі талабы білімді адамды әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, шығармашылық таныммен тікелей қатынас жасай алатын, жаңаша ойлай алатын дарынды адамға айналдыру.



## РАБОТА С ОДАРЕННЫМИ ДЕТЬМИ НА УРОКАХ НВИТП

*Ивко В.В.,  
организатор и преподаватель НвиТП,  
КГУ «Щербаковская общеобразовательная школа  
им. М. Хакимжановой отдела образования  
Алтынсаринского района»*

Одаренный ребенок — это ребенок, который выделяется яркими, очевидными, иногда выдающимися достижениями (или имеет внутренние предпосылки для таких достижений) в том или ином виде деятельности. Одаренные дети требуют особого подхода.

Так кто он такой, мой одаренный ученик? Какие именно особенности взаимодействия с ним непосредственно на своих уроках я бы выделил и отметил?

В первую очередь, это курсант, проходящий курс начальной военной и технологической подготовки. Это обучающийся 10-11 класса, то есть старшекласник. В силу своего возраста, скорее всего, уже осознавший свою и индивидуальность, и особенности своего развития. Разумеется, отношение к этим особенностям у одаренных ребят может быть различным. И вот уже, исходя из этого, я пробую выстроить модель поведения и взаимодействия с

учеником на преподаваемом мною уроке. Я считаю, что быть наделенным выдающимися способностями совсем нелегко, и таким молодым людям нужна особая поддержка и уважение со стороны старших. В свою очередь, такие ученики могут стать отличными помощниками и сподвижниками для преподавателя.

Предмет НВиТП, особенно в его новом формате Начальная Военная и Технологическая Подготовка, имеет особенность в огромном количестве межпредметных связей и изучении самых разнообразных областей человеческой деятельности. Информация и знания, полученные учащимися практически от всех школьных дисциплин, звучат и применяются на моих уроках. Это, конечно, традиционные для школы: физика, химия, математика, история, биология, география, языки, физическая культура, а также медицина, психология, ПДД и, непосредственно, военное дело. Конечно, при таком разнообразии изучаемых вопросов одарённому, творческому ребенку предоставляется возможность максимально ярко проявить все свои таланты.

Обладая знаниями, иногда чуть не меньшими, чем у преподавателя в изучаемом вопросе, ученик в ходе урока может вести довольно содержательные беседы с учителем, нестандартно и грамотно давать ответы на поставленные вопросы. При этом, как правило, подросток разговаривает на языке своих сверстников, одноклассников в манере хорошо понятной и близкой им. Диалог, происходящий на занятии, более понятен, а информация более привлекательна для всех участников урока. Класс с интересом вовлекается в работу, урок проходит более продуктивно и интересно.

Таким образом, одаренный ученик в некотором роде выступает в роли мотиватора для одноклассников. И, как я уже говорил, может быть хорошим помощником и сподвижником для самого учителя. Занятия, проведенные со взаимным интересом, дают положительный эмоциональный подъем не только ученикам, но и самому преподавателю, так же мотивируя и позитивно настраивая его на следующие уроки.

Одаренный ребенок в классе это, конечно же, в первую очередь, не только ответственность, но и прекрасная возможность для учителя проявить свои лучшие профессиональные качества, дать талантливому ученику тот максимум знаний и суждений, которые, благодаря своему природному дару, ребенок сможет усвоить и применить для своего успешного развития. Уважение к учащимся важно для повышения эффективности работы учителя. Потому, с большей долей вероятности, это как раз тот случай, когда ученик превзойдет своего учителя.



## ФИЗИКА САБАҒЫНДА ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

*«Науырзым ауданы білім бөлімінің  
Раздольный жалпы білім беретін мектебі» КММ,  
физика пәнінің мұғалімі,  
Ильсова М.Д.*

Алдымызда отырған балалардың бәрін дарынды деп айту мүмкін емес, өйткені олардың қабілет, икемі, қызығушылығы, тіпті алдына қойған мақсаты мен денсаулығы да, дамуы, ой-өрісі мен сөйлеуі де сыртқы бейнесі де әр алуан. Осы қасиеттер бастауыш сыныптарда нақты, дәл байқала бермесе де, жоғарғы сыныптарда құрамы әр түрлі балалармен жұмыс істеу, әрине қиын. Сондықтан әр сынып оқушылары АВС, немесе 1-2-3 сияқты топтарға бөліп, оқу үрдісінде жеке баланың қабілетін ескеріп оқушылардың дарынын саралап оқытылу міндеті алға қойылды. Белгілі бір пәнін оқушының білім, білік дағдысының жиынтығын әр түрлі байқаулар, емтихан олимпиададан көруге болады, бірақ тума талант пен туа біткен дарын емес.

Физика сабағында дарынды оқушылармен жұмыс жасаудың жалпы түрлері: Жоғарыда анықталған А, В, С типтегі оқушылар барлық топта да кездеседі және әр сыныпта бар. Сондықтан, өз сабағымда осы оқушылармен жұмыс жасаудың негізгі **бес қағидасын айқындадым:**

- 1) тұлға ретінде дамуына мол мүмкіндік жасау;
- 2) сабақтан тыс уақыттағы жұмысқа да жұмылдыра білу (қызықты үй тапсырмалары);
- 3) жеке-даралық және дифференциялдап оқыту қағидасы;
- 4) сабақ барысындағы мұғалім тек бағыттаушы жетелеуші.
- 5) оқушылардың тапсырманы таңдаудағы еркіндігі

Менің міндетім – осы оқушыларыма сындарлы оқытудың жеті модульдерін ықпалдастыру арқылы, заман талабына сай білім беру. Сабақты жоспарлауда жеті модульді енгізу себебім, сабақты жақсарту, оқушыларға жақсы, тиянақты білім беруді көздедім. Сабақ барысында өткен білімдерін тиянақтау, есте сақтау, еске түсіру қабілеттерін дамыта отырып, дағдыларын қалыптастыру. Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеріп, жеті модульдерді тақырыптың әр тапсырмасына сай жүйелеуге үйрендім. Ең бірінші сабағымда сынып парталарының әр қилы орналасуы, оқушылармен топқа бөлінуін, сабақта интербелсенді тақта қолдану болатын. Ең алдымен оқушыларды ойландырып топқа бөлуден бастадым.

Топқа бөлуде әр сабақта әр түрлі оқушыларды сыни тұрғыдан ойландыруға бағыттадым. Оқушыларды топқа бөлуге үйрету үшін әр түрлі тәсілдер пайдаландым: «Түстер бойынша», «Аударма әдісі», «Мозайка» түрлері. Топтың табысқа жетуі және ойлау жолдарын дамыту үшін топтарға топ ережелерін құру ұсынылды. Өздері шығарған ережеге бағынбай бара жатса қабырғаға ілінген ережені көрсетіп естеріне салсаң болды. Оқушылардың үй тапсырмаларын тексеру кезінде «Серпілген сауал», «Ат қосшы мен ат арба», «Қораптағы сұрақтар» әдістері арқылы тексерілді. Оқушылардың жаңа сабаққа деген қызығушылықтарын ояту үшін сын тұрғысынан ойлауға үйрету модулінің «Кубизм», «Елші», «Баспалдақ», «Миға шабуыл» стратегияларын қолдандым.

Осы стратегиялар бойынша оқушылар жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсатын өздері ашты. Жаңа әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы өткізілген сабағымда оқушылардың пәнге деген көзқарастары өзгерді, қызығушылықтары одан әрі артты, жаңа ақпараттық технологияларды қолданған кезде балалардың айтылым, оқылым дағдылары қалыптаса бастады. Бір сабағымды ой шоғырландыру, топқа бөлу болды. Топқа әр түстерді таңдау арқылы топқа бөлінді. Топқа бөлінгеннен кейін, үй тапсырмасын сұрау болды. Үй тапсырмасын сұрауда «Серпілген сауал» әдісін пайдаландым. Оқушылар берілген сұрақтарға жауап біріп отырды. Қалыптастырушы бағалау өзін-өзі бағалау болды. Сабақтың орта кезінде, бірінші тапсырма: мәтінмен, топтық жұмыс болды. Оқушылар «Баспалдақ» әдісі бойынша өздері берілген мәтінді талқылып, жаңа тақырыптың мазмұнын ашып, қалыптастырушы бағалау кезінде өз өзара бағалады. Келесі тапсырма жұптық тапсырма болды. Жұптық тапсырмаға «Денені таразыға тарту арқылы массасын өлшеу», «Қатты денелердің тығыздығын анықтау», «Сұйықтардың тығыздығын анықтау» атты тапсырмалар берілді. Тапсырманы орындау кезінде таразы, гірлер, мензурка, сызғыш, әр түрлі қатты денелермен сұйық заттарды қолданып, зертханалық жұмыс жасады. Оқушылар жасаған жұмыс қорытындысын берілген кестеге толтырып, жазып отырды. Өзара бағалау болды дескриптор бойынша, әр жұп өзара бағалады. Оқушыларға жеке жұмыс бергенде «Сынып кардиограммасы» атты тест жұмысын ұсындым. Осы тақырып бойынша, өз білімдерін тексеру бағытында болды. Сабақтың соңында «Кубик лақтыру» атты кері байланыс жүргіздім. Ондағы сұрақтар «Нені үйрендім?», «Нені білдім?», «Не қызықты болды?», «Нені есте сақтаймын?», «Не қиын болды?», «Нені қайталадым?» осы сұрақтар бойынша сабақты қорытындылау болды.

«Бір тілек» атты әдісімен бағалады. Сабақ соңында рефлексия «Білім ағашы» әдісін қолдандым. Оқушылар өз ойларын стикерге жазып, білім ағашына жабысырады.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары: "Термос құпиясы " тақырыбындағы ғылыми жоба жұмысы



Келесі ғылыми жұмыс тақырыбы: «Электр энергиясын үнемдеу және оның тиімділігін арттыру»



**Қорытындылай келе,** осы тізбектелген сабақтар топтамасында «Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдер», «Сын тұрғысынан ойлау», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қолдану» модульдері сәтті болды. Оқушыларға бағалау мен кері байланыстың тиімді жақтары туралы ойлану қажет деп ойлаймын. Бұл бір сабақтың жұмысы емес, бұл жұмыс түрлеріне және жүйелі түрде дамыту, бұл оқушылардың дұрыс бағалау дағдыларын игеруіне келеді. Осы тізбектелген сабақтар топтамасына Бағдарламаның жеті модулін енгізудің арқасында менің байқағаным, оқушыларымның сабаққа деген ынталары күшейіп, мейірімді, белсенді сабаққа қатысып отырғандарын байқадым. Дарындылықты анықтау және оны дамыту бір жылдың жұмысы емес, және ол бірден нәтиже береді деп те айту қиын. Бұл жылдар бойы үздіксіз жүргізілетін үрдіс. Мен жұмыс барысында (бір жыл көлемінде) тек осы үш оқушыға ғана емес толық сынып бойынша зерттеулер жүргізіп, келемін. Сыныпта осы типтегі оқушылар кездеседі. Алдағы жылдары осы жұмысты жалғастыру, олардың олимпиадалар мен ғылыми жұмыстар сайыстарына жиі қатысуына жағдай жасап, ынталарын арттыру.





## ДАРЫНДЫЛЫҚТЫ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

*"Қамысты ауданы білім бөлімінің №2  
Қамысты жалпы білім беретін мектебі" КММ,  
мектеп директорының оқу-тәрбие  
жұмысы жөніндегі орынбасары,  
Кабдыракова К.К.*

Дарындылық мәселесін зерттеушілердің еңбектері көп болғанымен, дарындылықтың мән-мағынасы жөнінде олар ортақ бір пікірге келе қойған жоқ. Сондықтан да, біз баланың дарындылығы деп оны өз құрдастарымен салыстырғанда бірдей жағдайда білім игеру деңгейінің шоғырлығы мен аса ерекше байқалатын шығармашылық қабілетінің байқалуы деп түсінеміз. Дарындылық адамға табиғаттан берілетін ерекше қабілет.

Дарындылық – баланың алғырлығы, зерделігі, қабілетімен дамып отыратын үздіксіз процесс болғандықтан, айрықша табиғи қабілеті мен нақты пәндерден ерекше дарындылығы бар балалардың интеллектуалдық қабілетін дамыту, шығармашылық тұлғаларды қалыптастыру. «Дарындылық» ұғымы «сый» / «дар»/ деген сөзден шыққан, дамудың алғышартын білдіреді. Бұл ұғымға педагогикалық энциклопедияда төмендегідей анықтама берілді. «Дарындылық – белгілі бір іс-әрекет саласында ерекше жетістікке жеткізетін адам қабілеті дамуының жоғары деңгейі».

Дарынды және талантты оқушылар біртекті топ емес, олардың әрқайсысы ерекше қасиетке ие екенін есте ұстау қажет. Дегенмен топ жағдайында дарынды және талантты оқушылар санатын қарастыру кезінде олардың бірқатар ортақ сипаттамаларын көруге болады.

Дарынды баланың бойынан табылатын асыл қасиеттердің, өмірге құштарлық, биік ізгіліктің бәрінің кілті – мыңды жығатын білімде.

Баланың бойындағы күш қуаты жеткілікті, шын дарынды екеніне сендіру – ұстаз бойындағы құдіретті күш, өйткені сенім үлкен жеңіске жетелейді. Дарындылық, данышпандық, қабілеттілік деген не? Оқушы дарындылығын, қабілетін қалай анықтауға болады? Неліктен кей адамдардың, мысалы: Паскаль, Моцарт, Гете, Архимедтің қабілеті ерте жасынан, ал Ньютон, Дарвин, Менделеевтердің қабілеті ересек жасында пайда болған. Осы сұрақтарға талмай жауап іздеген ұстаз ғана дарынды оқушымен нәтижелі жұмыс жүргізе алады. Дарынды баланың одан әрі жетіле түсуіне ұстаз тарапынан мейірім мен кішіпейілділік, бала жанын жазбай танушылық қасиет қажет.

Белгілі зерттеуші Н.С.Лейтес қабілетті балалардың 3 категориясын анықтап берді.

1. Ой-өріс қабілеті ерте жастан байқалатын оқушылар.

2. Жеке бір іс-әрекет түрі мен белгілі бір мектептегі ғылым түріне қабілеттігімен көзге түскен оқушылар.

3. Қабілеттері айқындалмаған потенциалды балалар.

Дарынды оқушыны анықтау мектеп жұмысында бастауыш сыныптан бастау алады. Бұл жұмыстың жүйелі жүргізілуі психолог пен мұғалімдердің және ата-аналардың біріккен жұмысы негізінде іске асады. Ата-ана баласын дүниені тануға, білім алуға тәрбиелесе, мұғалім сол баланың бойындағы рухани байлықты, ерекшеліктерін байқап, анықтап бағыт-бағдар береді. Ата-аналарымен әңгімелесу, есте сақтау, логикалық ойлау психологиялық ерекшелігін анықтау, әр түрлі үйірме түрлерін ұйымдастыру, олимпиадаларға, ғылыми-зерттеу жұмыстарға қатыстыру дарынды баланы анықтайды.

Психологтер соңғы жылдары адам бойындағы дарындылықтың екі түрін бөліп көрсетті. Біріншісін «Туа біткен» данышпан деп, ал екіншісінің өкілін «Келе-келе қалыптасқан» данышпан деп атау қабылданған. «Туа қалыптасқан» данышпандар — Моцарт, Рафаэль, Пушкин, тағы басқалары өз туындыларында керемет қабілеттілік танытқан. Бұл топқа біздің халықтың ішінен Шоқан Уәлиханов пен Мұхтар Әуезовты жатқызыпты. Ал «келе-келе қалыптасқан» данышпандардың ең үлкен қасиеті — қажымайтын жігер, білімге деген құштарлық, өзіне-өзі қоятын талаптың қатаң болуы екен. Ондайлардың саны мол.

Оқушының дарындылығын анықтауда:

1. Дарынды бала туралы педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік ақпараттар, мәліметтер жинақтау

2. Бақылау

3. Анкета

4. Психодиагностика

5. Социометрия

6. Әңгімелесу

7. Интервью сынды жұмыс түрлері жүргізілуі тиіс.

Аталмыш жұмыстар негізінде психологиялық ерекшеліктерін айқындап, психологиялық зерттеу жұмысының қорытындысын (темперамент, зейін, ес, қабылдау, ойлауы, т.б.) және басқа мәліметтерді салыстыру арқылы, баланың әлсіз жақтарын дамытуға бағыт – бағдар беріп отыру. Ал салыстыру өмірдегі ғұлама ғалымдардың балалық шағымен байланысқаны ұтымды болады. Атақты адамдардың мектеп қабырғасында кей пәндерде білімі төмен болғанымен танымдық қабілеті жүре дамитындығын дәлел ретінде айтуға болады. Мысалы: Лейбництің, Ньютонның, Лобачевскийдің математикаға қабілеттері 20 жастан соң байқалыпты. Томас Эдисонның бала кезінде есте сақтау қабілетінің өте нашар болғандығын және мектепте үйреткенін ұмыта беріп, мұғалімдерді жиі ренжітетін. Ол мектепте барлығы үш ай ғана оқыды. Қашықтықтан ақпарат жіберетін прибор құрастырды, жазу машинкасымен әлемді таң қалдырды. Осындай өмірдегі жағдаяттармен таныстыра отырып, баланың тек жақсы оқуына ғана емес, бойындағы қабілеттілікті көре, тани білуіміз керектігін естен шығармағанымыз да дұрыс. Дарынды балаларды анықтау-баланың дамуын

таңдаумен байланысты ұзақ үрдіс. Оқушының бойындағы табиғат берген ерекше қабілетті, дарындылықты тани білу, оның одан әрі дамуына бағыт-бағдар бере білу ерекше қиын іс. Демек, оқушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарына қызығуын қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту, қазіргі техниканы пайдалану мәдениетіне тәрбиелеу — ұстаздардың басты міндеті.

Дарынды оқушымен жұмысты неден бастау қажет?

